Есеп құрылымы

1 Музей-қорық туралы мәлімет
2 Ел Президенті жолдаулары
3 Ғылыми кеңес жұмысы
4 Ғылыми- техникалық кеңестер
5 Ғылыми-зерттеу жұмыстары, олардың қорытындылары
5.1 Ғылыми жобалар
5.2 Жарық көрген еңбектер
5.3 Музей-қорық ұйымдастырған конференциялар, дөңгелек үстел және семинарлар
5.4 Музей-қорық қызметкерлерінің конференция, дөңгелек үстелдерге қатысуы
5.5 Экспедициялар
5.6 Архив жұмыстары
6 «Сарайшық сапар орталығы» жұмыстары
7 Мәдени білім беру, дәрістер
8 Тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау бөлімі
8.1 Археология жұмыстары
8.1.2 Ортағасырлық Сарайшықтағы «Хан моласы»
9 Ғылыми қор және музей қызмет көрсету жұмыстары
9.1 Қор жұмысы
9.2 Музей-қорық ұйымдастырған «Музейге сый» акциясы
9.3 Ғылыми кітапхана
9.4 Экспозиция-көрме жұмыстары
9.5 Реставрация жұмыстары
9.6 Экскурсия
10 Музей-қорық ақпараттық- насихаттық жұмыстары
10.1 «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының (бұдан әрі – Музей-қорық) қызметін және ортағасырлық Сарайшық қаласын насихаттауы
10.2 «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» қызметкерлерінің газет-журнал беттерінде жарық көрген мақалалары
10.3 «Сарайшық» қаласы және музей-қорыққа байланысты газет беттерінде жарық көрген мақалалар
10.4 Музей-қорық сайтында, әлеуметтік желілерде насихатталуы
11 Әкімшілік-құқықтық жұмыстар
11.1 Кадрлық қызмет
11.2 Музей-қорық қызметкерлерін көтермелеу жұмыстары
11.3 Тәжірибе алмасу, халықаралық байланыс және ынтымақтастық жұмыстары
11.3.1 Тәжірибе алмасу
11.3.2 Халықаралық байланыс
11.3.3 Ынтымақтастық жұмыстары
12 Мәдени-көпшілік шаралар
12.1 Онлайн шаралар
12.2 Әлеуметтік желі арқылы көрсетілген танымдық материалдар
12.3 «Қараңғылықтағы серуен». Инклюзив. Мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған шаралар
12.4 Атаулы мерекелер күні
12.5 18 мамыр – Халықаралық музей күні
13 Ел тұлғалары Сарайшықта
14 Қаржы және мемлекеттік сатып алулар
15 Шаруашылық жұмыстары
Қорытынды

1 Музей-қорық туралы мәлімет

1.1. Негізгі қызметі

«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК-ның қызметінің стратегиясы мемлекеттік саясат арнасында жүзеге асырылып, еліміздің бірегей тарихи-мәдени мұрасын зерттеу, сақтау және репрезентациялау (ол туралы қайта мәлімет беру) сияқты музейдің басты міндеттерін жүзеге асыруға бағытталған. Музей-қорық жұмысының мақсаты ортағасырлық Сарайшықты сақтауға және қалың көрермен аудиториясына таныта түсуге бағытталған қызметтің алуан түрін (археологиялық және реставрациялық жұмыстар, қор, экспозиция, ғылыми, ақпараттық және т.с.с.) кешенді жоспарлы орындаудан тұрады.

1.2.Музейге келушілерге жұмыс тәртібінің уақыты: 9:00 - 18:30
Музей кеңсесінде демалыс күндері: сенбі, жексенбі
Музей келушілеріне демалыссыз жұмыс жасайды.

1.3. Музей директоры – Мұқтар Әбілсейіт Қапизұлы

1.4.Байланыс телефоны – 8 71236 2 55 06

2 Ел Президенті жолдаулары

- Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың "Egemen Qazaqstan" газетінде "Тәуелсіздік бәрінен қымбат" атты мақаласы жарияланды. Көлемді мақалада Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдығы, шекара жайы, ауқымды бағдарламалар, жер мен тіл жайы, т.б. маңызды дүниелер қозғалған. «Таным мен тағылым» деп аталатын екінші бөлімде тарихты түгендеп, келер ұрпаққа қалдырар «Мәдени мұраға» басымдық берілген. Президент азаттықтың ақ таңы оңай келмегенін айта келе, осы құндылықты бағалай білу үшін жаңа ғылыми ұстанымдар мен жаңалықтардың негізінде тыңнан жазылған Қазақстанның академиялық үлгідегі жаңа тарихын жазуды дереу бастау керек екенін айтып, тарихшы ғалымдарға үлкен сенім артты. Сондай-ақ, қазақтың сан ғасырлық шынайы тарихын әлемге таныту үшін шетел аудиториясына арналған Қазақстанның қысқаша тарихын жазып, әлемнің негізгі тілдеріне аударуды ұсынды. Барша жұрттың, әсіресе, жас ұрпақтың тарихи санасы айқын әрі берік болу үшін құзырлы органдар мен отандық телеарналарға мемлекеттік тапсырыстың белгілі бір бөлігін міндетті түрде тарихи тақырыптарға бағыттауды тапсырды.
Осы мақалаға байланысты еліміздің мәдениет саласына үлкен міндеттер алға қойылып отыр. Ел Президентінің мақаласын қолдай отырып, еліміздің тарихын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуде “Сарайшық” музей-қорығы өз үлесін қосады деп нық сенім білдіреміз.
https://www.facebook.com/KhanOrdalySaraishyk/insights/?section=navPosts



- Музей-қорық ұжымы 2021 жылы 5 қаңтарда еліміздің бас басылымы «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған Қасым-Жомарт Кемелұлының «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласын арнайы талқылап, көтерілген маңызды мәселелер бойынша алда атқарылар жұмыстарды тағы бір пысықтады. Мақаланы талқылау барысында профессор Ә.Мұқтар тәуелсіздікке қол жеткізген 30 жыл ішіндегі игі жетістіктер мен олардың сабақтарына, мемлекеттілік және мемлекетшілдік мәселелеріне назар аударса, филология ғылымдарының кандидаты Б.Әбдешов «Ортағасырлық Сарайшық» энциклопедиясының жастарды патриотизмге тәрбиелеудегі рөліне, археолог А.Тұрарұлы ортағасырлық Сарайшық аумағындағы «Хан моласын» зерттеу, оның маңызына мән берді. Жас ғалымдар - магистрлер А.Жұмабаев, Ж.Диярова музей қорық ғалымдарының ҚР Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінен 2020-2022 жылдарға арналған гранттық қаржыландыру бойынша ұтқан «ГУЛАГ жүйесіндегі Прорва және Астрахань лагерлері: «тарих, естелік, тағылым (1932-1950 жж.)» атты ғылыми жобасының Президент айшықтаған тапсырмаларымен үндесетінін атап өтті. Талқылау барысында мақала көтерген мәселелерді іс жүзіне асыру бағыттары анықталып, жаңа ғылыми зерттеу жоспарлары жасалды.



- Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың "Тәуелсіздік бәрінен қымбат" мақаласында Наурыз мейрамының өткізу тұжырымдамасына тың көзқараспен қарап, айтулы мерекенің мазмұнын байыту туралы ой қозғады. Осыған байланысты ҚР Мәдениет және спорт министрлігі Ұлыстың Ұлы күні Наурыз мерекесін тойлауға қатысты арнайы тұжырымдама дайындаған болатын. Аталған тұжырымдама бойынша «Тарихқа тағзым» күніне орай "Сарайшық" мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы қызметкері Ж.Байғалиев музей-қорыққа келген Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті студенттерімен Сарайшықтың болашағы және оның жастар арасында дәріптелуі туралы пікірталас ұйымдастырды.



- 1 қыркүйекте ҚР Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Қазақстан халқына «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» жолдауын жариялады. Жолдауда бүкіл

әлемді алаңдатып отырған пандемиямен күрес жолдарын, оның елімізге алып келген зардабы мен өзгерістерін айта отырып, еліміздің әлеуметтік дамуына, ел тұрғындарының табысы мен жұмыс орындарының сақталуына, халқымыздың денсаулығы мен өмірін сақтау жолындағы жұмыстарға басты назар аударылды. Сондай-ақ, Президент ұрпақ тәрбиесіндегі білім сапасы мен ғылымды дамытуға ерекше назар аударғанын атап өту керек. Үкіметке әлемнің жетекші ғылыми орталықтарында 500 ғалымның тағылымдамадан өтуін және «Жас ғалым» жобасы аясында зерттеу жүргізу үшін 1000 грант бөлуге тапсырма берді. "Білімсіздік, популизм қазақтың басты жауы" деді Президент. Соңында Ахмет Байтұрсыновтың: білімді болу үшін, білім керек, ақылды болу үшін, оқу керек, күшті болу үшін, ауызбіршілік керек деген дана сөзін мысалға келтірді. Президент Жолдауы болашағымыздың іргесін нықтауға міндеттейді. Ел азаматтарын, отанымыздың алдында адал қызмет етуге, абыройлы іс жасауға, терең білім алып, ерінбей еңбек етуге шақырады.



3 Ғылыми кеңес жұмысы

- 17 наурызда «Сарайшық» музей-қорығы Ғылыми Кеңесінің ағымдағы жылдағы №1 отырысы өтті. Ғылыми Кеңес мүшелері: өлкетанушы, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі Төлеген Жаңабайұлы, т.ғ.к., Сарайшықтанушы Жеңісбек Мұстафин, өлкетанушы, Қазақстанның құрметті журналисі Өтепберген Әлімгереев, т.ғ.д. Аққали Ахмет, т.ғ.д. Ұлжан Ахметова, Атырау облысы Тарихи мәдени мұраны зерттеу орталығының басшысы, магистр Мұқамбетқали Кипиев, Махамбет аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Нұрғали Аруев және музей-қорықтың ғылыми қызметкерлері 2020 жылы атқарылған жұмыстардың қорытындыларын, 2020 жылғы Ғылыми кеңес шешімдерінің орындалу барысы, 2021 жылы жұмыс жоспарын талқылады. Сондай-ақ, Қасым ханның Сарайшықта жерленгеніне 500 жылдығына байланысты іс-шаралар, имидждік өнімдер: флаерлар, жинақтар, брошюралар, көне карталар шығару мәселелері, Сапар орталығы мен музей-қорық сайтын модернизациялау, экскурсия мәтіндері мен графикалық эскиздер талқыланды.

- 22 желтоқсанда «Сарайшық» музей-қорығында Ғылыми кеңестің №2,3 отырысы бірге өткізілді. Ғылыми кеңеске Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің профессорлары т.ғ.д., Л.Бердіғожин, т.ғ.д. Ұ.Ахметова, т.ғ.д., А.Ахмет, т.ғ.к. Ж.Мұстафин, т.ғ.к. Қ.Сүндетұлы, а.ш.ғ.д., Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің профессоры, Биология, геоэкология және құрғақ жемшөп өндірудің ғылыми-өндірістік орталығының жетекшісі Б.Мұхамбеьов, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, ҚР Үздік өлкетанушысы Т.Жаңабай, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, ҚР ЖҒА-ның академигі, өлкетанушы Ө.Әлімгерей, Махамбет аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Н.Аруев, Сарайшық ауылы әкімі Ж.Пазылов, Сарайшық ауылдық Ақсақалдар кеңесінің төрағасы Р.Таупов, ауыл ақсақалдары Н.Құрмашев, И.Сұлтанов, Ж.Құралбаева, Махамбет көп бейінді ауыл шаруашылық колледжінің директоры Ж.Сұлтанғалиев және музей-қорық қызметкерлері қатысты.

Кеңесте музей-қорық директоры, профессор Ә. Мұқтардың «2021 жылғы атқарылған жұмыстар қорытындылары және алдағы келелі мәселелер», музей- қорық бухгалтері А. Қайреденова «Музей-қорықтың 2021 жылғы қаржылық» есебі, бас қор сақтаушы О.Сағынбаева «Музей қоры және экспозицияны жетілдіру (ғылыми қор жұмыстары, музейді жаңарту реэкспозиция жұмыстары, қорды толықтыру, электронды каталог, 3D жәдігерлер, реставрациялау, жаңа концепция)» тыңдалды. Кеңес барысында «Ортағасырлық Сарайшықтағы «Хан моласы» археологиялық қазба жұмыстары, олардың нәтижелері», ҚР Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің 2020-2022 жылдарға арналған ғылыми, ғылыми-техникалық жобаларды гранттық қаржыландыру бойынша «ГУЛАГ жүйесіндегі Прорва және Астрахань лагерлері: «тарих, естелік, тағылым (1932-1950 жж.)» ғылыми жобасы, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі 2021-2023 жылдарға жариялаған Ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламалар бойынша бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру бойынша «Қазақстанның батыс өңіріндегі Алтынордалық қалалар, көне керуен жолдары және керуен-сарайлар: пәнаралық зерттеулер (XIII-XY ғғ.)» жобасы аясындағы археологиялық қазба жұмыстарының қорытындылары тыңдалды. Қабылданған қаулыда 2022 жылы құрылысы аяқталатын «Сапар орталығын» музейлендіру, ортағасырлық Сарайшықты қорғау аймағын анықтау және оны қоршау, «I-Сарайшық оқулары» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясын ұйымдастыру, «Секер көл» және «Алтын қайық» аңыздары бойынша ғылыми зерттеу экспедициясын

ұйымдастыру, ғылыми жобаларды сапалы орындау мәселелеріне назар аударылды. (22 желтоқсан 2021 жыл)

4 Ғылыми-техникалық кеңестер:

- Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет комитетінің Тарихи-мәдени мұра басқармасы қолдауымен, ортағасырлық ***Сарайшықтың археологиялық нысандарындағы ғылыми-реставрациялық жұмыстар мен музейлендіру мәселелеріне арналған жетекші ғалымдардың қатысуымен кеңес*** (3 тамыз 2021 жыл) өтті. Онлайн кеңеске Басқарма басшысы Жанат Сейдалиева, белгілі археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор Зайнолла Самашев, тарих ғылымдарының докторы, профессор, «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК директоры Ә. Мұқтар, «Қазқайтажаңарту» РМК бас директорының орынбасары, реставратор Исабек Нұрмағамбетов, тарих ғылымдарының кандидаты, археолог Марат Қасенов, археолог, «Қазархеология» ЖШС директоры, тарих ғылымдарының кандидаты Ж. Смайлов, Атырау облысы Тарихи-мәдени мұраны зерттеу орталығының директоры М. Кипиев және өзге де мамандар қатысты.



- «Ортағасырлық Сарайшық нысандарын қайта қалпына келтіру және оның болашағы» тақырыбында Ғылыми - техникалық кеңес (2021 жылы 28 қазан) өтті. Шараға «Сарайшық» музей-қорығы директоры, т.ғ.д., профессор Ә.Мұқтар, археолог, т.ғ.д., профессор М. Елеуов (Алматы қ.,), т.ғ.д., профессор Ү. Ахметова, тарихшы археолог, т.ғ.к., профессор А. Исин (Семей қ.,) археолог, т.ғ..д., профессор М. Қожа (Түркістан қ.,), археолог, т.ғ.к. М. Касенов (Атырау қ.), археолог, PhD доктор А. Қасеналин (Нұр-Сұлтан қ.), археолог С. Есен (Нұр - Сұлтан қ.), Атырау облысы Тарихи-мәдени мұраны зерттеу орталығының басшысы М. Кипиев, «Сарайшық» музей-қорығы археологтары А. Тұрарұлы, А. Жұмабаев, Ж. Байгалиев және БАҚ өкілдері қатысты. Кеңес қорытындысында республикалық ескерткіш орнындағы 4 нысанды - Кешенді сарай ғимараты, Алтынордалық тұрғын-жай, №3 қазба, Ел билеушілері пантеоны және Музей-қорық ішіндегі «Хандар кесенесі» ескерткішін қайта қалпына келтіруге ұсыныс берілді.

- Ортағасырлық Сарайшықтағы «Қазқайтажаңарту» РМК мамандарымен бірлесе өткізілген Кеңес (2021 жылы 9 қараша). Кеңеске «Қазқайтажаңарту» РМК-нан Р. Ергашев, А. Жексенбаева, музей қорықтан А. Тұрарұлы, Ж. Байгалиев қатысты. Қорытындысында музей қорық ұсынған нысандарды қалпына келтіру жолдары қарастырылды.

- «Ортағасырлық Сарайшық қаласы орнында атқарылатын келелі мәселелер және оларды шешу жолдары» Ғылыми – техникалық кеңесі (2021 жылы 23 қараша) ұйымдастырылды. Кеңеске ҚР Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет комитетінің төрағасы А. Абдуалиев, "Қазқайтажаңарту" Республикалық мемлекеттік кәсіпорны директоры М. Бигельдиев, музей қорық директоры, т.ғ.д., профессор Ә. Мұқтар, Атырау

облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы А. Рысқалиев, Атырау облысы Тарихи мұраны зерттеу орталығы директоры М. Кипиев, ортағасырлық қалалар археологиясының маманы, т.ғ.к., археолог Марат Қасенов, "Қазқайтажаңарту" Республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жетекші инженері А. Жігітов, бас архитекторы С. Джолдасова, музей қорық археологтары А. Жұмабаев, Ж. Байгалиев қатысты.

5 Ғылыми-зерттеу жұмыстары, олардың қорытындылары

Музей қорық 2021 жылы ғылыми зерттеу жұмыстарына ерекше ден қойды. Осы бағытта ғылыми жобалар дайындалды, ғылыми конференциялар, дөңгелек үстелдер және семинарлар ұйымдастырылды.

5.1 Ғылыми жобалар

- 2021 жылы музей қорық Қазақстан Республикасы Білім және ғылым және Мәдениет және спорт министрлігінен ұтқан ғылыми жобаларымен ізденістерін жалғастырды.

1 ҚР Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің 2020-2022 жылдарға арналған ғылыми, ғылыми-техникалық жобаларды гранттық қаржыландыру бойынша «ГУЛАГ жүйесіндегі Прорва және Астрахань лагерлері: «тарих, естелік, тағылым (1932-1950 жж.)» ғылыми жобасы. Ол бойынша ғалымдар Қазақстан, Ресей архивтерінде жұмыс жасап, еліміздегі қуғын-сүргін жылдарындағы тарихымыздың зерттелуіне үлесін қосуда. Жоба аясында «Сарайшық-Прорва-Бұрыншық-Атырау-Сарайшық» экспедициясы ұйымдастырылды. Экспедиция жетекшісі - тарих ғылымдарының докторы, профессор Ұ.Ахметова. Экспедиция нәтижесінде Маңғыстау облысындағы Бұрыншық мүйісінен 28 жәдігер, Прорвадан 59 жәдігер табылып, жыл соңында тізімдемесі жасалып, министрлікке жіберілді.

Жыл соңында 2-ші жыл есебі сәтті тапсырылды.

2 ***Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі 2021-2023 жылдарға жариялаған Ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламалар бойынша бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру бойынша «Қазақстанның батыс өңіріндегі Алтынордалық қалалар, көне керуен жолдары және керуен-сарайлар: пәнаралық зерттеулер (XIII-XY гг.)» жобасы.*** Жобаның ғылыми жетекшісі: т.ғ.д., профессор Ұ. Ахметова. Жоба нәтижесінде жаңадан Канал, Шойтас, Ащысай-1, Есмахан тұрақтары мен Ащысай мекені ашылды.

Жоба барысында ортағасырлық Сарайшық қаласы орнында археологиялық қазба жұмыстары жүргізілді.

Нәтижесінде

1 Ортағасырлық Сарайшық қаласының ғимараттары алдын-ала ойластырылған жоспар бойынша, түзу көше, қаз-қатармен салынғанын көре аламыз. Бұл Ұлы Жібек жолы бойындағы қаланың құрылыстары стихиялы түрде емес, астаналық қалалар секілді алдын-ала сызылған жоспармен басқарылып салынған екенін көрсетіп отыр.

2 Ашылған қазбада дәліздердің болуына байланысты бұл нысанды қоғамдық ғимарат деп санауға болады. Осы қазбаға жақын маңда 1996-2008 жылдары ашылған кешенді сарай ғимараты (ханака) орналасқанын ескерсек, қаланың бұл ауданы керуеншілер, саяхатшылар, жолаушылар, зиярат етушілердің қонып түнеуі үшін салынған құрылыстардан тұрады.

3 Табылған жәдігерлер - 59 жәдігер табылды, жыл соңында тізімдемесі жасалып, министрлікке жіберілді. Олар Өзбек және Жәнібек хандар соғылымына сәйкес 35 дана күміс дирхемдер көмбесі, құмыраның иық тұсына суда жүзетін құстар – үш үйрек салынған сырлы ыдыстың жоғарғы бөлігі, мыс тиындар, метал бұйымдар, сырлы қыш ыдыстар сынықтары Сарайшықтың өзге қалалармен байланыстары туралы ақпараттар береді, бұл арқылы өз кезегінде қаланың ортағасырлардағы ролі сараланды.

Жыл соңында бағдарлама есебі сәтті тапсырылды.

3 ***Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі 2021-2023 жылдарға жариялаған Ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламалар бойынша бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру бойынша «Ортағасырлық Сарайшық (XIII-XYI гг.)» энциклопедиясы жобасы*** Ұлттық Ғылыми кеңестің қолдауына ие болғанымен, қаржыландыру 2022 жылға қалдырылды.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі 2022-2024 жылдарға жариялаған Ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламалар бойынша бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға арналған конкурсқа екі жоба тапсырды. Олар:

1 «Ортағасырлық Сарайшық қаласындағы археологиялық-этнографиялық, антропологиялық пәнаралық зерттеулер (XIII-XYI ғғ.)». Жоба жетекшісі т.ғ.д., профессор Ә. Мұқтар

2 «Туристический потенциал культурного наследия городов Золотой Орды Волго-Уральского междуречья: историко-географические аспекты». Жоба жетекшілері т.ғ.д., профессор Ұ. Ахметова, PhD Э. Имашев.



<u>5.2 Жарық көрген еңбектер</u>

<u>5.2.1 2021 жылы 4 кітап жарық көрді</u>:

- Музей-қорық директоры Ә.Мұқтардың жетекшілігімен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің 2018-2020 жылдарға арналған гранттық қаржыландыру бойынша «Қазақ хандығы құрылымындағы билер, батырлар, тархандар, жасауылдар, қожалар институттары: олардың қызметі және жойылуы (XY-XIX ғ.)» жобасы аясында Қазақстан, Ресей архивтері деректері негізінде және бұрын жарық көрген ғылыми зерттеулерді зерделей жазылған ***«Қазақ Хандығы құрылымындағы билер, батырлар, қожалар, жасауылдар, аталықтар және тархандар институттары: олардың қызметі және жойылуы» атты монография*** Алматы қаласындағы «Арыс» баспасынан жарық көрді. Монографияны дайындауға республикаға белгілі ғалымдар, қазақ хандығы тарихы мамандары т.ғ.д., профессор Ұ. Ахметова, т.ғ.д., профессор А. Ахмет, т.ғ.к., профессор Н. Атығаев, магистр А.Жұмабаев қатысты. Зерттеушілер біртұтас Қазақ хандығы тарихына, оның Абылай хан өлімінен соң толықтай Ресейдің отарлау аумағына алынғанына, хандықтағы Аға хан, кіші хандар институттарына, билер, батырлар, қожалар, аталықтар, тархандар институттарына айырықша назар аударып талдаған. Олар Абылай ханның орыс үкіметіне: «Менің аталас туыстарым Әбілқайыр мен Әбілмәмбет хандар дүниеден өтті. Олардың ізін басқан маған хандық кезек келді. Олар қайтыс болғаннан кейін қазақтың үш Жүзі – Ұлы жүз, Орта жүз және Кіші жүздің хандары мен сұлтандары, Ташкент пен Түркістан аймағының үлкен-кішісі тілек қосып, 1771 жылы Түркістан қаласында мені үш Алашының ханы етіп, ақ киізге көтерді», - деген хабарының өзі қазақ тарихына жаңаша көзқарасты қалыптасыратынын алға тартады. Монография мемлекеттегі әлеуметтік институттардың өзара байланысына, атқарған қызметтеріне, оларды дағдарысқа ұшырату барысындағы Ресей саясатына деректік талдаулар жасайды.



- «Сарайшық» музей-қорығы директоры Ә. Мұқтар, профессор Ұ.Ахметова, профессор А.Ахметтің "Өлке тұлғалары тарихынан (XVIII-XIX ғғ.)" атты кезекті оқу құралы жарық көрді. Жарық көрген оқу құралы XVIII-XIX ғасырлардағы Қазақстан тарихында қоғамдық-саяси белсенділігімен ел алдына шыққан біртуар тұлғаларды жаңаша зерделеуге арналған. Олардың өмірі мен қызметі Ресей Федерациясы, Қазақстан Республикасы архив деректерімен сараланған.



- «**Ортағасырлық Сарайшықтағы тарихи ескерткіштер**». Жинақта Сарайшық аумағындағы мәдени мұра ескерткіштері, олардың зерттелу жайы, ескі құлпытастардағы деректер берілген.

- **«Сарайшық жәдігерлері» кітап-альбомы** Сарайшық қазбасынан табылып, еліміздің музейлерінде сақтаулы жәдігерлер туралы ақпараттармен қамтылған.

Екі жинақта ел тарихына қызығушылық танытқан қалың бұқараға арналған.

<u>5.2.2 Музей қорық ұйымдастыруымен өткен 2 конференция материалдары пдф форматта жарық көрді:</u>

- ***III "Туған өлкені зерттеу: оның маңызы және басым бағыттары"*** (2021 жылы 12 сәуір) Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы электронды пдф форматта жарық көрді.
http://saraishyq.kz/kk/ylym-zertte-jumystary/konferenc-a

- Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына, қазақтың біртуар ұлы, Қазақ хандығының атақты билеушісі Жәнібекұлы Қасым ханның Сарайшықта жерленгеніне 500 жыл толуына арналған ***«Қасым хан және Сарайшық: Қазақ мемлекеттілігі тарихында»*** Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы электронды пдф форматта жарық көрді.

http://saraishyq.kz/kk/ylym-zertte-jumystary/konferenc-a

<u>5.2.3 2 флаер дайындалды:</u>

- Алтын Орда, Ноғайлы заманынан қалған сары жұрт - Сарайшыққа қатысты айтылған ұлтымыздың бетке ұстар тұлғаларының пікірлері және жүрек жарды тілектерін "Сарайшық" музей-қорығы насихаттау мақсатында – «***Ұлт тұлғалары Сарайшықта***» флаер түрінде дайындап, туристерге ұсынды



- Ортағасырлық Сарайшық қаласын әлем тарихында орнын айшықтау мақсатында 3 тілде (қазақ, орыс, ағылшын) ***«Сарайшықтың 10 кереметі»*** флаер дайындалды.



<u>5.2.4 Буклет брошюралар жарық көрді:</u>

- «Ер қаруы - бес қару»
- «Ортағасырлық Сарайшықтың сүйек бұйымдары»
- «Сарайшық» әулиелері

 

	2019	2020	2021
Жинақ	1	2	4
Буклет, брошюра	4	2	3
Конференция материалдары	2	1	2
Флаер	0	0	2

5.3 Музей-қорық ұйымдастырған конференциялар, дөңгелек үстел және семинарлар

5.3.1 Конференциялар

- ***III "Туған өлкені зерттеу: оның маңызы және басым бағыттары" атты республикалық онлайн ғылыми-тәжірибелік конференция*** (2021 жылы 12 сәуір) өткізіліп, оған Алматы, Атырау, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Түркістан облыстары тарихшы, филолог ғалымдары, музей және білім саласының қызметкерлері, магистранттар мен студенттері қатысты.

 

- Музей қорық «***Ұлық Ұлыс-Алтын Орда» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның*** (2021 жылы 27-29 қараша) ұйымдастырылуына себепкер болды. Пленарлық отырыста «Сарайшық» музей-қорығының директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор Ә.Қ. Мұқтар «Ұлық ұлыс тарихындағы Сарайшық қаласының маңызы» тақырыбында баяндама жасады және «Қасым хан және Сарайшық: Қазақ мемлекеттілігі тарихында» атты Сессияны басқарды.

- ***«2021 жылғы Атырау облысындағы археологиялық қазба жұмыстарының нәтижелері» республикалық онлайн ғылыми-тәжірибелік конференция*** (2021 жылы 29 қараша) ұйымдастырылды. Конференцияға Ә. Марғұлан атындағы Археология институты директоры А. Оңғар, т.ғ.д., профессор М. Елеуов, т.ғ.д., профессор М. Қожа және Атырау өңіріндегі археологиялық қазба жүргізген мекемелер археологтары қатысты.

5.3.2 Дөңгелек үстел және семинарлар

- ***«Жемқорлық - ғасыр дерті» тақырыбында онлайн форматта сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға арналған дөңгелек үстел*** (2021 жылы 11 наурызда) өтті. Шараға Атырау облысы аумағындағы «Адалдық алаңы» жобалық кеңсесі өкілдері, мекемелер қызметкерлері және дін өкілдері қатысты. Шара барысында сыбайлас жемқорлық ұғымы, облыс және аудан көлеміндегі сыбайлас жемқорлық деңгейі, атқарылған жұмыстар, сыбайлас жемқорлықтың салдары, сыбайлас жемқорлықтың қоғам өмірінің түрлі салаларына тигізетін кері әсері туралы мәселелер талқыланды.



- ***«Қазақстанның батыс өңіріндегі археологиялық зерттеулер және олардың нәтижелері» тақырыбында онлайн форматта дөңгелек үстел*** (2021 жылы 16 наурыз) өтті. Шараға Нұр-Сұлтан, Атырау қалаларынан тарихшы-археологтар, музей қызметкерлері, студенттер қатысып, өздері жүргізген археологиялық зерттеулер нәтижелерін талқылады.



- ***Ортағасырлық Сарайшық қаласын музейлендіру мәселесін*** талқылау мақсатында КСРО және ҚР Суретшілер Одағының мүшесі, кәсіпқой суретші Телеубай Бақтыгерей Селдірұлы, ҚР Суретшілер Одағының мүшесі, «Алтын қайық» иегері, Арыстанов Есім Нұрлығайынұлы, ҚР Мәдениет қайраткері, Қазақстан Дизайнерлер академиясының академигі, ҚР Суретшілер Одағының мүшесі Отарбай Кендір арнайы келді. Елге белгілі қылқалам шеберлері болашақта ортағасырлық қаланың келбетін сол заманға лайықты жасаудың маңыздылығын алға тартты. Бұл бағытта өзара келісім жүзеге асты.



- ***«Ортағасырлық Сарайшық қаласының: өткені мен бүгіні» атты облыстық жастар онлайн семинары*** (2021 жылғы 28 шілде) өтті. Өткен іс-шараға Атырау қалалық және Махамбет аудандық Жастар ресурстық орталығының өкілдері, облыстық және аудандық мәслихат депутаттары, ұстаздар және музей-қорық мамандары қатысты. Баяндамашылар ғылым-білім және технологиялар дамыған заманда жастардың тың идеяларын ұтымды пайдалану арқылы тарихи ескерткіштердің қорғалуын қамтамасыз ету; әлеуметтік ортадағы жастардың ерекше орнына негізделе отырып, ортағасырлық Сарайшық қаласында туризм саласының дамуына негіз жасау және жаңа маршруттар дайындауға қатысты құнды ойларын ортаға салды. Семинар соңында қойылған сұрақтарға жауап беріліп, ұсыныс-пікірлер тыңдалды.



- ***«Музей экспозициялары мен көрмелерді жобалау» республикалық ғылыми-практикалық семинар*** (2021 жылы тамыз айы). Семинар жұмысына ҚР Мемлекеттік орталық музейі, ҚР Мемлекеттік Ә.Қастеев атындағы Өнер музейі, Абайдың "Жидебай-Бөрілі" мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-мұражайы, «Ұлытау» ұлттық тарихи-мәдени және табиғи қорық-мұражайы, «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі, Ботай, Бозоқ мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорықтары, Ш.Сариев атындағы Атырау облыстық көркемсурет және қолданбалы-сәндік өнер музейі, Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі, Ә. Кекілбайұлы атындағы Маңғыстау облыстық тарихи-өлкетану музейі, Батыс Қазақстан облыстық тарихи- өлкетану музейі, Ә. Кекілбайұлы атындағы Маңғыстау облыстық тарихи-өлкетану музейінің Маңғыстау аудандық филиалы, Атырау облысы Қызылқоға тарихи-өлкетану музейі, Махамбет ауданы Махамбет музейлері қатынасты. Семинарда көтерілген тақырыптарға сай баяндамалар жасалды, талқылаулар өтті.





- ***ҚР Мәдениет және спорт вице-министрі Н.Дәуешов, «Қазқайтажаңарту» РМК директоры М.Бигелдиев және Атырау облысы Мәдениет архивтер және құжаттама басқармасының басшысы А.Рысқалиев ортағасырлық Сарайшық қаласы орнында болып, реставрациялық жұмыстар жүргізілуі қажет нысандармен*** танысты. Тарихи ескерткіш орнында археологтар мен реставраторлардың пікірлері тыңдалды.



- ҚР Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет комитетінің «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының ұйымдастыруымен «**Қазақстанның батыс өңіріндегі Алтынордалық қалалар, көне керуен жолдары және керуен-сарайлар: пәнаралық зерттеулер (XIII-XY ғғ.)» ғылыми жобасы аясында** жаңадан анықталған Ұлық Ұлыстық мекенде, археологтардың ***«Ұлық Ұлыс керуен жолдары: Сарайшықтан Еділ бойындағы Сарайларға дейін» тақырыбында далалық семинары*** өтті. Далалық семинарға ғылыми жоба жетекшісі т.ғ.д., профессор Ұлжан Ахметова, «Сарайшық» музей-қорығы директоры, т.ғ.д., профессор Әбілсейіт Мұқтар, Қазақстандағы керуен жолдары мен керуен сарайлар бойынша маман, археолог, т.ғ.д., профессор Мадияр Елеуов (Алматы қ.,), археолог, т.ғ.к., профессор Амантай Исин (Семей қ.,) археолог, т.ғ..д., профессор Мұқтар Қожа (Түркістан қ.,), археолог, т.ғ.к., Марат Касенов (Атырау қ.), археолог, PhD докторы Айбар Қасеналин (Нұр-Сұлтан қ.), археолог Сырым Есен (Нұр - Сұлтан қ.), Атырау облысы Тарихи-мәдени мұраны зерттеу орталығының басшысы Мұхамбетқали Кипиев, «Сарайшық» музей-қорығының археологтары Айбек Тұрарұлы, Амангелді Жұмабаев, Жүніс Байғалиев және БАҚ өкілдері қатысты (7-сурет). Семинарда көрмеге мекеннен табылған қыш ыдыс түрлері, сәндік әшекей бұйымдар, Өзбек ханның күміс дирхемі, Өзбек және Жәнібек хандарға тиесілі мыс пұлдар қойылды. Нәтижесінде археологтар жаңадан анықталған тарихи ескерткіштің маңызы өте зор екенін атап өтті. Ескерткіштегі болашақ зерттеу жұмыстары жақсы тарихи ақпараттарға бай болады деп есептейді. (28 қазан 2021 жыл)

- «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы «***Молдаш Бердімұратов және Қазақстандағы музей ісінің дамуы» тақырыбымен онлайн дөңгелек үстел*** өткізді. Дөңгелек үстел жұмысына ҚР Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет комитетінің «Бозоқ» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК директорының орынбасары Беспалинов Алишер Тлеуғазыұлы, ҚР Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет комитетінің «Ботай» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану бөлімінің инспекторы Хайыргельдинов Руслан Ерланұлы, Мақат аудандық тарихи-өлкетану музейінің басшысы Айдаралиева Құралай Әлжанқызы, Атырау облысы тарихи-өлкетану музейінің Исатай аудандық музейі бөлімшесінің меңгерушісі Жұбанова Гүлмарал Бағытжанқызы, «Атамұра» Жылыой аудандық музейінің әдіскері Нұрмашова Жазира Бердіқұлқызы, Махамбет аудандық тарихи-өлкетану музейінің экскурсия жүргізушісі Есқабылова Қарлығаш Бекболсынқызы, «Сарайшық» музей-қорығының бас қор сақтаушы Сағынбаева Орын Қалиқызы қатысып, баяндамалар жасады (11-сурет). Шара барысында өзара сұрақ-жауап түрінде диалог орнап, болашақта бірлесе жұмыс жасау ұсыныстары айтылды. (8 желтоқсан 2021 жыл)



- «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті және Х. Табылдиев атындағы Каспий өңірінің тарихы, археологиясы және этнологиясы ғылыми-зерттеу институтымен бірлесе «***Алтын Орда – Сарайшық: ата тарихымыздың даңқты беттері» атты дөңгелек үстел*** өткізді. Жиынды Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Басқарма төрағасы-ректоры С.Идрисов пен «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени директоры, т.ғ.д., профессор Ә. Мұқтар ашты. Шараға Атырау облыстық мәслихатының хатшысы Ә. Нәутиев арнайы қатысты. Дөңгелек үстел барысында «Сарайшық» музей-қорығы мен Атырау университеті аралығындағы ынтымақтастық меморандумына қол қойылды. Сөз сөйлеушілер қатарында т.ғ.д., Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің профессоры Ұ. Ахметова «Алтын орданы зерттеу және музей-қорық ғылыми жобалары», т.ғ.к., Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің профессоры Ж.Мұстафин «Сарайшықтың Алтын Ордадағы рөлі», т.ғ.к., Х.Табылдиев атындағы Каспий өңірінің тарихы, археология және этнологиясы ғылыми-зерттеу институты ғылыми қызметкері М. Қасенов «Алтын Орда қалалары мен мекендері», «Сарайшық» музей-қорығының ғылыми қызметкері А. Жұмабаев «2021 жылғы археологиялық қазба барысында табылған алтынордалық тұрғынжай», музей-қорықтың кіші ғылыми қызметкері Ж.Байғалиев «Хан моласын» зерттеу және оның нәтижелері» тақырыптарындағы баяндамаларын талқылады. (10 желтоқсан 2021 жыл)

5.4 Музей-қорық қызметкерлерінің конференция, дөңгелек үстел және семинарларға қатысуы

- «Нұр Отан» партиясы Атырау облыстық филиалы жанындағы ***«Мирас» қоғамдық кеңесінің 2021 жылғы алғашқы отырысы***нда (26 қаңтар 2021 жыл) Ортағасырлық Сарайшық мәселелері көтерілді. Отырыста қоғамдық кеңестің 2021 жылғы жұмыс жоспары бекітіліп, облыста атқарылар маңызды мәселелер талқыланды. Кеңес мүшелері ортағасырлық Сарайшыққа арналып салынатын Сапар орталығы мен Қасым хан ескерткішінің маңызына ерекше тоқталды. Музей-қорық директоры, профессор Ә.Мұқтар 2021 жылы Сарайшықта атқарылар жұмыстарды атап өтіп, облыс әкімдігімен бірлесе жасалатын шараларға назар аударды. Сарайшық ұсыныстарын қолдаған Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің ректоры, профессор С.Идрисов «Тарихы мен мәдениетіне бай аймақ» тақырыбында өлкемізде жаңаша зерттелетін іргелі жобаларды

көпшілік талқысына салды. Отырыс соңында кеңес төрағасы Ә. Нәутиев кеңес мүшелерін нақты нәтиже беретін жобаларды жүзеге асыруды ұсынды.



- М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің ұйымдастыруымен онлайн форматта өткен ***"Кушаев оқулары - 2021" халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясына*** (27 қаңтар, 2021 жыл) "Сарайшық" музей-қорығы қызметкерлері қатысып, баяндамалар оқыды. Музей-қорық директоры, т.ғ.д., профессор Ә.Қ.Мұқтар Сарайшықтағы ғылыми зерттеу жұмыстары туралы баяндаса, ғылыми қызметкер, магистрант Жүніс Байғалиев “С.П.Толстовтың археологиялық зерттеулері” тақырыбында баяндама оқыды. Ж. Байғалиевтің баяндамасында С.П.Толстовтың ғылыми зерттеулері, Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясы негізінде Сарайшықта жүргізілген зерттеулерге ерекше тоқталып, ғалымның еңбектеріне сараптама жасалды.



- ***Қазақстандық салалық мәдениет, спорт, туризм және ақпарат қызметкерлерінің кәсіптік одағы қоғамдық бірлестігінің Атырау облыстық филиалында Кәсіподақ мүшелерінің кезекті отырысында*** (5 ақпан 2021 жыл) “Сарайшық” музей-қорығының кәсіподақ ұйымының төрайымы Н.Т. Нұғманова қатысты. Күн тәртібінде атқарылған және 2021 жылға жоспарланған іс-шаралар жөнінде, бастауыш кәсіподақ ұйымы арасындағы байланыстарды жолға қою мәселелері қаралды.



- “Сарайшық” музей-қорығының ғалымдары мен ғылыми қызметкерлері Ә.Мұқтар, А.Тұрарұлы, Ж.Диярова және А.Жұмабаев Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты ұйымдастырған ***"7 томдық Қазақстан тарихы" академиялық басылымын даярлау және жазу мәселелері бойынша республикалық методологиялық семинарға*** қатысты. Тақырыпқа қатысты ой-ұсыныстарды тиісті мекемеге жіберді.



- "Сарайшық" музей-қорығы қызметкерлері Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы кітапханасы және ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институты ұйымдастырған «***Ұлы дала және Қазақ мемлекеттілігі: жаңаша ой мен тың көзқарас» халықаралық ғылыми-практикалық онлайн-конференциясына*** (24 ақпан 2021 жыл) қатысты.



- Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты «***Дала қоғамындағы саяси көшбасшылар: теориялық және тарихнамалық шолу» тақырыбында республикалық ғылыми-әдістемелік онлайн семинар*** жұмысына профессор Ә. Мұқтар және профессор Ұ.Ахметова қатынасып, Қазақ хандығы дәуіріндегі тарихи тұлғаларды зерттеу және оның теориялық-әдіснамалық мәселелеріне назар аударды. Ә. Мұқтар Қазақ хандығы тарихын ұлттық тұрғыдан біртұтас жазу, хандықтағы тұлғалар рөлін және олардың қоғамдық-саяси қызметіндегі ақтаңдықтарды көтерді.



- "Сарайшық" музей-қорығы ғылыми қызметкері Ж. Байғалиев Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті ***ұйымдастырған "Әлихан Бөкейхановтың ұлы мұрасы" атты республикалық ғылыми-практикалық конференцияға*** (12 сәуір 2021 жыл) қатысып, "Алаш зиялысы Ә.Х.Марғұланның Сарайшықтағы зерттеулері" тақырыбында баяндама жасады. Аталған шараға тарихшы ғалымдар, магистранттар мен белсенді жастар қатысты.



- Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі ұйымдастыруымен ***«Түркістан қаласындағы қазақ хандары мемориалы» мәселесіне байланысты еліміздің белгілі тарихшыларымен арнайы кездесуге*** (28 сәуір 2021 жыл) музей қорығы директоры, қазақ хандығы тарихының маманы т.ғ.д., профессор Ә. Мұқтар қатысып, қаралған басты мәселе бойынша «...қойылатын 21 тақтаға Қазақ хандығының Түркістанда жерленген Аға

хандарды (саны 6-7), барша қазақ мойындаған би, батырларды енгізуді, оларды нақтылау үшін Тарих институты немесе Қазақ Ұлттық Университетіне тапсыруды ұсынды».



- «Сарайшық» музей-қорығы директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор Ә. Мұқтар Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде өткізілген “***Атырау облысы тарихының өзекті мәселелері” аймақтық дөңгелек үстелге (***04 маусым 2021 жыл***)*** қатысып, Алтын Орда, Қазақ хандығы тарихы, Прорва-Астрахан лагері жөніндегі мәселелерді көтерді.



- Атырау облыстық мәслихатының төрағасы Ә. Нәутиевтің басшылығымен ***«Nur Otan» партиясы Атырау облыстық филиалы жанындағы «Miras» қоғамдық кеңесінің отырысына*** музей-қорық директоры Ә. Мұқтар қатысты. Отырыста Атырау облысындағы

тарихи және қасиетті орындар – Сарайшық, Ақтөбе-Лаэти, Таскешу керуен сарайы, Миялы және Құдайберген обаларында жүргізіліп жатқан қазба жұмыстары талқыға салынды. Жиын барысында Ә. Мұқтар ортағасырлық Сарайшық тарихи ескерткіші орнындағы қазба жұмыстарына, оның мәселелеріне және алдағы уақытта назар аударар тұстарына жете тоқталды.



- Алматы қаласында Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті ***«Алтын Орда: өркениеттер тоғысында» атты Алтын Орданың құрылғанына 750 жыл толуына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференциясы*** музей-қорық директоры, т.ғ.д., профессор Ә.Мұқтар “Алтын Ордалық Сарайшық ортағасырлық тарихи деректерде” тақырыбымен қатысты.



- Тараз қаласында қазақ археологиясының ақсақалы, тарих ғылымдарының докторы, профессор Мадияр Елеуұлы Елеуовтың 75 жылдық мерейтойына арналған **«Ұлы Жібек**

жолы мен Қазақстан керуен жолдарының урбанизация процесіндегі маңызы» атты халықаралық семинар жұмысына "Сарайшық" мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы директорының орынбасары А. Тұрарұлы мен ғалым хатшы А. Жұмабаев қатысты. А. Тұрарұлы мерейтой иесін құттықтап, ұжым атынан сыйлықтар тапсырды. (20 мамыр 2021 жыл)



- ***Атырау қаласына жұмыс бабымен ҚР Кәсіподақтар Федерациясының төрағасы Сатыбалды Дәулеталин келіп бастауыш кәсіподақ ұйымының төрағаларымен және мүшелерімен кездесуге*** (21 маусым 2021 жыл) “Сарайшық” музей-қорығының бастауыш кәсіподақ төрайымы Нұғманова Назгүл Төлегенқызы қатысып, сертификатқа ие болды.



- Алтын Орданың 750 жылдық мерейтойына арналған «***Алтын Орда мұралары: Қазақстан тарихы мен руханият көзі» тақырыбындағы Халықаралық онлайн-***

конференцияға музей-қорық директоры, т.ғ.д., профессор Ә.Мұқтар «Алтын Орда және Сарайшық» тақырыбында ой бөлісті. Жиын барысында ғалымдар Жошы Ұлысының, Ноғай Ордасы мен Қазақ хандығының астанасы болған Сарайшық қаласына қатысты ой-пікірлерін ортаға салынды.



- ***ҚР Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің еліміздегі ғылымды жетілдіру бойынша Республикалық тамыз конференциясының мәжілісіне*** (4 тамыз 2021 жыл) «Сарайшық» музей-қорығы директоры Ә.Мұқтар қатысты. Мәжілісте ғылымда күрделенген мәселелер, олардың ішінде алдымен ғалымдарды дайындау, диссертациялық кеңестер жұмыстары, ғылыми дәрежелер, атақтар беру мәселелері талқыға салынып, алдағы уақытта жаңа өзгерістердің болатыны баса айтылды, оны шешудің жолдары ұсынылды. Үлкен мәселе ғылыми зерттеулерге қатысты болды. Комитет төрағасы бұл саладағы өзгерістерді де санамалады. Олардың ішінде ғалымдардың жиі көтеретін ғылыми жобаларды қаржыландыру, оларды орындаудың мерзімдері, жобалар есептерін тапсыру, Ұлттық Ғылыми Кеңестің жұмыстары т.т. назар аударылды.



- “Сарайшық” музей-қорығы қызметкерлері ***Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі ұйымдастырған “Музей сайтын дайындау және оны жүргізу” атты республикалық онлайн семинарға*** қатысты. Мекеме сайты / http://saraishyq.kz/kk/ /әлемдік музейлердің үлгісінде модернизацияланып, көрермендерге сапалы, ыңғайлы, қолжетімді бағытта ұсынылды.



- Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет комитетінің «Отырар» мемлекеттік археологиялық музей-қорығының ұйымдастыруымен өткен ***«Өзбекәлі Жәнібеков - ұлт мәдениетінің жанашыры» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік онлайн-конференцияға*** қатысқан «Сарайшық» музей-қорығының бас инспекторы А.Тұрарұлы «Қазақстанның батыс өңірі керуен-сарайлары: экспедициялар нәтижелері» тақырыбында баяндама жасады. Сонымен қатар, бұл конференцияның

материалдар жинағына «Сарайшық» музей-қорығы атынан Ұ.Ахметова, А.Тұрарұлы, А.Жұмабаев, Ж.Диярова, Н.Нұғманова өз баяндамаларын ұсынды.



- ҚР Мәдениет және спорт министрі ***А.Р.Райымқұлова министрлікке бағынысты ұйымдардың бірінші басшыларымен онлайн форматта*** (31 тамыз 2021 жыл) кездесті. Кездесу барысында министр жаңа оқу жылына байланысты тиісті мекемелерге нақты тапсырмалар берді.



- ҚР Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты ұйымдастырған «***Марғұлан оқулары-2021»: этномәдени зерттеулер контекстіндегі Ұлы Дала» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясына*** «Сарайшық» музей-қорығының ғылыми қызметкері А.Жұмабаев «2021 жылғы Сарайшықтағы қазба жұмыстарының нәтижелері» тақырыбындағы баяндамасымен қатысты. Конференция Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 30 жыл және Ә.Х.

Марғұлан атындағы Археология институтының 30 жылдығына арналған.(26 қазан 2021 жыл)

- Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі ұйымдастыруымен «***Тәуелсіздік жылдарындағы музейлердің жағдайы» тақырыбында республикалық онлайн-форум***ға «Сарайшық» музей-қорығындағы ғылыми зерттеу жұмыстары және олардың нәтижелері» тақырыбында музей-қорық директоры, профессор Ә. Мұқтар баяндама жасады. Қазақстан музейлеріндегі ғылыми қызметкерлер сапасына, олардың білімін жетілдіруге, музейлерде арнайы ғылыми зерттеулерді талқылайтын Ғылыми Кеңес құру мәселесіне, «Мәдени мұра» журналын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Бақылау комитетінің тізіміне енгізу, өзара ғылыми еңбектермен алмасу мәселелеріне назар аударды.



- «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының бас инспекторы Айбек Тұрарұлы тарихшы ғалым, профессор, Ресей Жаратылыстану академиясының корреспондент-мүшесі ***Жұмағұлов Болат Сағидоллаұлының 70 жылдық мерейтойына арналған «Қазіргі тарих ғылымы: өлкетану, аймақтық және локальді тарих мәселелері» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға*** қатысты (24 қараша 2021 жыл).

- "Сарайшық" мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы археологы Ж. Байгалиев Тараз қаласында өткен Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына және Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті- Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Ұлы Даланың жеті қыры» атты мақаласы аясында «***Тарихымызды жандандырған – Тәуелсіздік» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясына*** қатысты. Конференция жинағында «Ортағасырлық Сарайшық қаласының археологиялық зерттелу тарихынан» атты мақаласы жарияланды. (25 қараша 2021 жыл)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ
"ЕЖЕЛГІ ТАРАЗ ЕСКЕРТКІШТЕРІ" МЕМЛЕКЕТТІК ТАРИХИ-МӘДЕНИ ҚОРЫҚ-МУЗЕЙІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

СЕРТИФИКАТ

Байгалиев Жунис

*ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына және Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Ұлы Даланың жеті қыры» атты мақаласы аясында өткен **«Тарихымызды жандандырған –Тәуелсіздік»** атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясына қатысқаны үшін беріледі.*

Директор **Н. Бықыбаев**

Тараз қаласы, 2021 жыл

- Атырау облысы тарихи-өлкетану музейі ғимаратында «***Ұлық Ұлыс - Алтын Орда» республикалық кеңесінің отырысы*** өтті. Кеңесте «Сарайшық» музей-қорығының директоры, т.ғ.д., профессор Ә.Мұқтар «Сарайшық – Сарай-Бату аралығындағы керуен жолдары мәселелері» баяндамасымен сөз сөйледі. Кеңес отырысында Алтын Ордаға байланысты атқарылатын шаралар талқыланды. Кеңес қорытындысымен Сарайшықта Алтын Орда музейін салу мен қазақтың біртуар тұлғасы Қасым ханға ескерткіш орнатуға шешіім қабылданды. (30 қараша 2021 жыл)

- “Сарайшық” музей-қорығының директоры, т.ғ.д., профессор Ә.Мұқтар ҚР Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Әбішұлының бастамасымен, ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың арнайы Жарлығымен Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығын мерекелеудің жалпыұлттық жоспарын жүзеге асыру мақсатында Атырау облысы тарихи-өлкетану музейі ұйымдастыруымен ***өткен "Бопай ханым: өнеге толы өмірі мен қоғамдық-саяси қызметі" атты конференцияға*** қатысты. Конференция жұмысында "Бопай ананың қоғамдық саяси қызметі" тақырыбында мазмұнды баяндама жасады. (2021 жыл 13 желтоқсан)

- Музей - қорық директоры Ә.Мұқтар мен заңгер Э.Урынбасарова 2021 жылдың 22 желтоқсанында М.Камзолдаевтың жүргізуімен өткен «***Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы» онлайн жиналысқа*** қатысты. Жиналыста Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметіне жауапты тұлғаны тағайындау және Ережені бекіту туралы айтылды.

Жоғарыда аталған мәселелер бойынша «Сарайшық» музей қорығы Қазақстан Республикасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 16 бабының 3 тармағына сәйкес 2021 жылдың 25 қарашасында №101 бұйрығымен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметіне жауапты тұлғаға мекеменің заңгері Э.Урынбасарованы тағайындап, Ережесін бекітті.



5.5 Экспедициялар

- Шілде-қыркүйек айларында «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының ғылыми қызметкерлері ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің 2021-2023 жылдарға арналған бағдарламалы-нысаналы қаржыландыруы арқылы «Қазақстанның батыс өңіріндегі алтынордалық қалалар, көне керуен жолдары және керуен-сарайлар: пәнаралық зерттеулер (XIII-XV ғғ.)» жобасы негізінде ***Махамбет Исатай аудандары аумағында далалық барлау-бақылау жұмыстарын*** жүргізді. Музей-қорығының археологиялық экспедициясы жоба жетекшісі Ұ.Ахметова мен жоба мүшелері бірнеше жаңа археологиялық нысандарды анықтап, олар туралы ақпараттар беретін жәдігерлерді жинады (1-сурет). Сондай-ақ, дереккөздер боп табылатын жергілікті тұрғындармен сұхбаттасып, мәліметтер алды. Көне сауда керуен жолдарының зерттеу барысында ортағасырлық Сарайшық қаласынан батысқа қарай орналасқан көне елді мекендер орнын анықтауда әуеден дронмен барлау әдісі, жаяу жүріп көзбен шолу, автокөлікпен барлау әдістері қолданылды (2-сурет).

Сарайшықтан ***Алтын Орда астаналарына жүретін екі бағыт бойынша барлау-бақылау жұмыстары нәтижесінде бұрын анықталмаған Канал тұрағы, Шойтас тұрағы, Ащысай 1 тұрағы, Ащысай 2 тұрағы, Бурабай тұрағы Көздіқара тұрағы және Ащысай мекені анықталды. Сондай-ақ бұрын анықталған Тасоба қорымы, Жалтыр көлінің солтүстік беті, Қызылүй қоныстары тексерілді.*** Анықталған нысандарда мәдени қабаттың әлсіз болуы тұрақтар орнының құбылмалы болғанын көрсетеді. Көшпенділер бұрынғы жылдары таңдаған бір жерге үнемі қоныстанбады, олар киіз үйлер мен шошалаларын биыл бір орынға, келесі жылы басқа жерге орнатқан. Тек Ащысай мекені ғана орта ғасырлардан бері жергілікті халықтың тұрақты жайлаған, қоныстанған орны

болса керек. Ескерткіштерге бірнеше шурфтар салынып, стратиграфиясы жөнінде мәліметтер қарастырылды (3-сурет). Табылған заттай деректер сараланып, өлке тарихын жаңа мәліметтермен толықтырды. Олардың қатарында қыш ыдыс сынықтары, метал, сүйек қалдықтары, бірнеше тиындар жиынтығы бар (4-сурет).

Анықталған археологиялық нысандарды зерттеуді қорытындылай келе, ***Сарайшықтан батыс бағытқа жүрген керуендер Нарын құмына дейінгі*** бөлікті су көздері бойында отырған елді мекендер арқылы жүріп өтті деп санауға болады. Олар Ащысай өзегі, Бақсай өзені және Бұғылөзек өзегінен Жалтыр көлінің солтүстік жағымен жүріп отырып, Қызылүй ауылы тұсынан Нарын құмына шығып кеткен. Керуендер Нарын құмымен құдықтар тізбегі арқылы өтіп, Еділ бойындағы қалаларға жеткен деп есептейміз.

1-сурет. Экспедиция мүшелері

2-сурет. Дрон әуеден шолу аппаратын ұшыру

3-сурет. Шурфтар қазу

4-сурет. Экспедиция барысында табылған жәдігерлердің бір тобы

- Шілде айында «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы» РМҚК ғылыми қызметкерлері Махамбет ауданы әкімдігімен бірлесе ***«Сарайшық-Прорва-Бұрыншық-Атырау-Сарайшық» ғылыми-зерттеу экспедициясына шықты (***5-сурет).

Экспедиция жетекшісі - тарих ғылымдарының докторы, профессор Ұлжан Төлегенқызы Ахметова. Экспедицияның мақсаты: ҚР Білім және ғылым министрлігі қаржыландыратын «ГУЛАГ жүйесіндегі Прорва және Астрахань лагерлері (1932-1950 жж.): тарих, естелік, тағылым» ғылыми жобасын жүзеге асыру барысында ГУЛАГ лагерлер жүйесіндегі Прорва, Бұрыншық лагерлерінің 3D моделін, аэро -фото, -видео түсірілімдерін жасау және лагерлер орнына тарихи-археологиялық барлау жұмыстарын жүргізу, материалдар жинақтау. Экспедиция нәтижесінде болашақта облыста, республикада, шетелдерде арнайы көрмелер ұйымдастыру жоспарланып отыр. Экспедициясы мүшелері ***Жылыой ауданындағы бұрынғы Прорва лагері*** орнында жұмыс жасады (6-сурет).

«Сарайшық-Прорва-Бұрыншық-Атырау-Сарайшық» экспедициясы ғылыми зерттеулерін ***Маңғыстау облысы территориясында да*** XX ғасырдың 30-40 жылдары жұмыс жасаған ГУЛАГ жүйесіндегі Бұрыншық лагері орнында жалғастырды (7-сурет). Бұрыншық лагері орналасқан жер бүгінде өндірістік мекемелерге берілген. Жергілікті азаматтардың қолдауымен лагер орнында аэро -фото, -видео түсірілімдері жасалды және музейге қойылатын жәдігерлер жинақталды. Сонымен бірге лагер тарихын білетін, оны көзімен көрген куәгерлерден сұқбаттар алынды.

5-сурет. «Сарайшық-Прорва-Бұрыншық-Атырау-Сарайшық» ғылыми-зерттеу экспедициясы жолға шықты

6-сурет. Экспедиция мүшелері Прорва лагері орнында

7-сурет. Экспедиция мүшелері Бұрыншық лагері орнында

- Қазан айында «Сарайшық» музей-қорығының археологтары А.Тұрарұлы, А.Жұмабаев, М.Қасенов, Н.Жексенбаев ***Сарайшық пен Үргеніш қаласы арасындағы ортағасырлық керуен жолдары бойын зерттеу мақсатында Ұшқан қаласы*** орнында барлау жұмысын жүргізді (8-сурет).

Ортағасырлық Ұшқан қаласы қазіргі Құлсары қаласынан оңтүстік-шығысқа 55 км қашықтықта. Бұл жерде қазір ірі қорым орналасқан. Бұған дейін археологтар қорымның солтүстік-шығысында ортағасырлық қоныстың орны бар деп дәйектеп келді. Оған негізінен осы маңдағы ортағасырлық қыш кірпіштерден тұрғызылған бейіт құландыларының болуын алға тартады. Археолог Л.Л.Галкин ортағасырлық ағайынды Пициганилер картасында белгіленген Трестаго қаласы мен осы Ұшқан қаласын бір қала деп есептейді. Әйтседе ескерткішке арнайы қазба, археологиялық зерттеу әлі күнге жүргізілген емес. Ешқандай музей экспозициясында ортағасырлық қала артефактілері орналаспаған.

Музей-қорық археологтары қорым айналасын мұқият шолып шығып, бірнеше жерден бақылау шурфтарын салды. Нәтижесінде қала мәдени қабаты 1-0,5 м қалыңдықтан тұратыны анық деп шешім шығарды. Ескерткіштің беткі қабатынан жиналған керамика үлгілері қызыл, сұр балшықты және кашин қышынан жасалғанын көрсетті, түрлі түсті сырлы ыдыс сынықтары арасында қытай селадонының бөліктері кездесті (9-сурет). Бұл қаланың трансконтиненталды керуен жолы бойындағы ірі сауда нүктесі болғанын көрсетеді. Жиырманың үстінде табылған тиындар арасында күміс дирхемде бар. Нумизмат П.Петров күміс дирхемнің алтынордалық Мохша қаласының соғылымы екенін, Өзбек ханның дирхеміне жататынын хабарлады. Мохша қаласы соғылымы әзірге облыс территориясында кездеспегенін айта кету керек. Мыс пұлдар арасында Өзбек ханның Хорезмде соғылған теңгесі, Жәнібек ханның Сарай әл-Жәдидте соғылған теңгелері де табылды. Осы материалдарға қарағанда, қаланың өмір сүрген уақыты алтынордалық кезең деген болжам расқа айналып отыр.

Экспедиция нәтижесі Ұшқан қаласы аумағы қорымнан шығысқа қарай 300 м-ге дейін созылып жатқанын, қыш кірпішті ғимараттардан тұрғанын көрсетті. Жалпы қала аумағы 300х500 м, цитадель қаланың солтүстік-батысында, көлемі 150х150 м деп есептелді.

8-сурет. Экспедиция мүшелері Ұшқан қаласы орнында

9-сурет. Ұшқан қаласы жәдігерлерінің бір тобы

5.6 Архив жұмыстары

- “Сарайшық” музей-қорығының бас инспекторы А.Жұмабаев ***Ақтөбе қаласында, Ақтөбе облысы мемлекеттік архивінде*** (23-24 шілде 2021 жыл) зерттеу ізденіс жұмыстарымен айналысты. 2020 жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі жариялаған конкурста ұтқан «ГУЛАГ жүйесіндегі Прорва және Астрахань лагерлері: «тарих, естелік, тағылым (1932-1950 жж.)» жобасы (жетекші т.ғ.д., профессор

Ұлжан Төлегенқызы Ахметова) аясында Прорва-Астрахань тұтқындар лагерлері тарихына қатысты құжаттарды зерттеді.



- «Қазақстанның батыс өңіріндегі алтынордалық қалалар, көне керуен жолдары және керуен-сарайлар: пәнаралық зерттеулер (XIII-XV ғғ.)» жобасының күнтізбелік жоспарына сәйкес жоба жетекшісі, т.ғ.д., профессор Ұ.Т. Ахметова және ғылыми қызметкер, магистр А.Ж. Жумабаев ***Ресейдің Санкт-Петербург қаласында Ресей Ғылым Академиясы Шығыс қолжазбалары институтының кітапханасы мен архив қорларында ғылыми зерттеу*** жұмыстарын жүргізді. Зерттеу жұмыстарының мақсаты - шығыстанушы зерттеушілердің еңбектеріндегі Қазақстанның батыс өңіріндегі алтынордалық қалалар, көне керуен жолдары және керуен-сарайлары туралы зерттеулерімен танысу және талдау.

Сонымен қатар Ресей Федерациясы Ғылым академиясы Материалдық мәдениет тарихы институты кітапханасы қорындағы Императорлық Археологиялық Қоғамның жазбалары, Орыс Императорлық Географиялық Қоғамының жазбалары, Материалдық мәдениет тарихы институты қысқаша хабарламасы, Кеңес археологиясы секілді тағы басқа да ғылыми басылымдар мен еңбектердің мол қоры қаралды.



- «Сарайшық» музей-қорығының жас ғалымдары А.Жұмабаев пен Ж. Байғалиев ***Алматы қаласында Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтында және Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасының диссертациялар залында*** ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысты. Зерттеу жұмыстарының мақсаты - Сарайшық қаласына қатысты жарық көрген зерттеулерді жинақтау және саралау.

- “Сарайшық” музей-қорығының ғылыми қызметкері А. Жұмабаев ***Атырау облысы мемлекеттік архивінде*** ізденіс жұмыстарымен айналысты. 2020 жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі жариялаған конкурста ұтқан «ГУЛАГ жүйесіндегі Прорва және Астрахань лагерлері: «тарих, естелік, тағылым (1932-1950 жж.)» жобасы (жетекші т.ғ.д., профессор Ұ. Ахметова) аясында Прорва-Астрахань тұтқындар лагерлері тарихына қатысты құжаттарды зерттеді.

6 «Сарайшық сапар орталығы» жұмыстары

- Атырау облысы әкімдігі ортағасырлық Сарайшыққа салынатын “Сапар орталығына” және оны шынайы туризм аймағына айналдыру мәселелеріне айрықша мән берді. Облыс әкімінің орынбасары Б. Хаменованың ұйымдастыруымен өткен ел зиялылары, тарихшылары, өлкетанушылары, облыстық құрылыс, архитектура және сәулет, қаржы

басқармалары басшылары қатысуымен арнайы мәжіліс өткізілді. (17 ақпан 2021 жыл). Мәжілісте Махамбет ауданы әкімі Р.Джанглишов салынатын "Сапар орталығының " ортағасырлық үлгіде болуына назар аударған баяндамасы тыңдалды. Оны қолдаған облыс зиялыларының пікірлері облыстық "Атырау" газетінің N 13 (20514) нөмерінде "Сарайшықтағы сапар орталығы ішкі туризмді дамытуға серпін бергені жөн" мақаласында жарияланды.



- Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Атырау облысындағы қастерлі әрі тарихи орындардың бірі ежелгі Сарайшық қаласы жайында айта келіп, оның маңыздылығы мен танымалдығын арттыру үшін заманауи туризм инфрақұрылымы қажет екенін айтты. Әкімдік Үкіметтен визит-орталық құрылысына қаражат сұраған екен. Бірақ әлі келісім алмапты. Президент Үкіметке бұл мәселені дереу шешуді тапсырды.



- 2017 жылдан бері қолға алынған «Сарайшық" сапар орталығы кешенінің қазығы қағылды. Арнайы бұл шараға Махамбет аудандық жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімінің бас маманы А.Салиев, Сарайшық ауылдық округінің әкімі Ж.Пазулов, құрылыс салушы мердігерлік компания өкілдері қатысты. «Сарайшық» музей-қорығының директоры Ә.Мұқтар туристік кешеннің алғашқы қазығын қақты. Сапар орталығы Сарайшықты туризм орталығына айналдыруға, сыртқы және ішкі туризмнің дамуына септігін тигізеді деп үміттенеміз.



- "Сарайшық" музей-қорығына арналған "Сапар орталығы" құрылысы жүргізілуде

7 Мәдени білім беру, дәрістер

«Сарайшық» музей-қорығы мәдени-білім беру дәрістер бойынша облыстық, республика көлеміндегеі мектептерге дәрістер және онлайн дәрістер оқыды. Сонымен қатар

«Жас археолог» және «Жас музейтанушы» үйірмелерін өткізіп, үйірме қатысушыларына дәрістер өткізді.

- Музей-қорық қызметкерлері "Жас археолог" үйірмесі аясында оқушы жастар арасында ортағасырлық Сарайшық қаласы тарихы, археологиясымен таныстыру мақсатында ***Назарбаев зияткерлік мектебінің 7-10 сынып оқушыларына археологиялық қазба жұмыстары және олардың нәтижесі туралы онлайн дәріс*** оқып, слайд арқылы керсетті (1 ақпан 2021 жыл).



- Музей-қорық ғылыми қызметкері Н. Нұғманова елдегі карантиндік шараларға байланысты мектеп оқушыларына онлайн дәріс өткізді. ***Назарбаев зияткерлік мектебінің 7-10 сынып оқушыларын ортағасырлық Сарайшық қаласының тарихымен таныстырып***, қазба орны, музей жәдігерлері туралы әңгімелеп берді.



- Музей-қорық ғылыми қызметкері Ж. Байғалиев оқушылардың өлке тарихына деген қызығушылығын арттыру мақсатында М***.Отаралиев атындағы орта мектептің оқушыларына ортағасырлық Сарайшық қаласының тарихы, археологиялық зерттеулері және аңыз-әңгімелер туралы онлайн дәріс*** оқыды (10 ақпан 2021 жыл). Сонымен қатар, музей-қорық ұйымдастырған "Жас археолог" үйірмесі жайлы ақпарат берді.



- Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойына арналған "OTANLife" және "MuzeiFEST" жобасы аясында Атырау қаласында жалпы білім беретін ***Ш.Уәлиханов атындағы №9 орта мектептің 5-сынып оқушыларына "Сырға толы - Сарайшық" атты қашықтықтағы интеллектуалды ойын*** өткізді (5 сәуір 2021 жыл).

- Қазақстан Республикасы Мәдениет қызметкерлері күніне орай «***Ұлы Жібек жолы ізімен: Ортағасырлық Сарайшық» тақырыбында республика бойынша Назарбаев зияткерлік мектептерімен кездесу ұйымдастырды.*** Кездесу барысында музей-қорық басшысы т.ғ.д., профессор Ә.Қ.Мұқтар мектеп оқушыларына музей-қорығының атқарып жатырған жұмыстары, болашақтағы жоспарларымен таныстырып, музей тарихына қатысты тың деректермен бөлісті. Осы кездесу барысында «Сарайшық» музей-қорығының ғылыми қызметкері Ж.Байғалиев оқушыларды музей-қорық жәдігерлерімен таныстырды.



- Атырау облысындағы мектептердің ***"Атамекен" өлкетану-туристік жорығына қатынасушы оқушыларын қабылдады*** (23-24 маусым 2021 жыл) . Бұл шараның мақсаты - қосымша білім беру ұйымдары мен мектеп жанындағы туризм-өлкетану үйірмелерінің жұмысын жандандыру, өңірдегі тарихи-мәдени орындарға саяхат жасау арқылы оқушылардың патриоттық сезімін ояту. Сарайшық музей-қорығында оқушыларды қала тарихымен, «Хандар кесенесі», этнографиялық жәдігерлер көрмесімен, археологиялық қазба орнымен таныстырды. Сарайшық қаласы арқылы өткен Ұлы Жібек жолдарына шолу жасалып, аңыздары баяндалды.



<u>8 Тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау бөлімі</u>

2021 жылы Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау жөніндегі бөлімінде аға ғылыми қызметкерлер (тарих ғылымдарының кандидаттары М. Касенов, Н. Атығаев), ғылыми қызметкер, кіші ғылыми қызметкер, археологтар жұмыс істеді. 2021-2023 жылдарға арналған «Қазақстанның батыс өңіріндегі алтынордалық қалалар, көне керуен жолдары және керуен-сарайлар: пәнаралық зерттеулер (XIII-XV ғғ.)» жобасын жүзеге асыру мақсатында ортағасырлық Сарайшық қаласы орнында тамыз-қыркүйек айларында археологиялық қазба жұмыстарын жүргізілді. Бөлім қызметкерлерінің мақалалары ғылыми журналдарда, халықаралық, республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда жарық көрді.

<u>8.1 Археология жұмыстары</u>

- №3 қазба. «Сарайшық» музей-қорығы ғылыми қызметкерлері 2021-2023 жылдарға арналған «Қазақстанның батыс өңіріндегі алтынордалық қалалар, көне керуен жолдары және керуен-сарайлар: пәнаралық зерттеулер (XIII-XV ғғ.)» жобасын жүзеге асыру мақсатында ортағасырлық Сарайшық қаласы орнында тамыз-қыркүйек айларында археологиялық қазба жұмыстарын жүргізді. Жобаның жетекшісі, т.ғ.д., профессор Ұ.Т. Ахметова. Қазбаға музей-қорық археологтары А. Тұрарұлы, А. Жұмабаев қатысты. Жоба мақсаты - ортағасырлық қаланың Ұлы Жібек жолындағы атқарған ролін жаңа деректермен толықтыру.

Археологтар ескерткіш орнындағы 2019 жылы басталған №3 қазбадағы жұмыстарды әрі қарай жалғастырды. Қазба алаңының жоғарғы мәдени қабатында 2019 жылы анықталған

жерлеу, тұрғын үй құрылыстары қалдығын тазартып төменгі мәдени қабаттарды зерттеуді қолға алды. Топырақтың төменгі қабатынан ғимарат қабырғалары, бөлмелер анықтала бастады (1-сурет).

Қазбаның жалпы аумағы бастапқыда 300 шаршы метрді құраса, жұмыстар барысында қазба алаңы солтүстік бағытқа кеңейіп, жалпы аумағы 325 шаршы метрді құрады.

Қазба орнында солтүстіктен оңтүстікке созылған, қаз-қатар орналасқан бөлмелері бар алтынордалық кезеңнің ғимараты ашылды. Бөлмелерге қазбаның солтүстік-батыс жағындағы дәліздер арқылы кіретін болған. Дәліздің ені - 75 см. Бөлмелердің оңтүстік-шығыс жағы көше жақ қасбеті деп саналады. Бөлмелерді нөмірлеу солтүстіктен оңтүстікке қарай берілді (2-сурет). Яғни, солтүстік шеткі бөлме №1 бөлме деп есептелінді. Бөлмелерге қысқаша сипаттама берсек:

1-сурет. №3 қазба орнын тазалау кезі

2-сурет. Қазбаның жоғарыдан түсірілген көрінісі

<u>№1 бөлме.</u> Бөлменің қабырғалары оңтүстік қабырға ұзындығы 367 см, қалыңдығы 50 см болды. Солтүстік қабырға ұзындығы 360 см, қалыңдығы 25 см. Бұл қабырға фахверкілі қабырға екені анықталды, тігінен ағаш бағана сырықтар орнатылған тесіктері сақталған, яғни екі бөлме ортасындағы аралық қабырға. Арғы жағындағы бөлме топырақтан ашылған жоқ, ол келесі жылдарға жоспарланып отыр. Шығыс қабырғаның ұзындығы 284 см, қалыңдығы 65 см. Батыс қабырғасы ұзындығы 291 см, қалыңдығы 22 см. Бұл дәліз бен осы бөлмені бөліп тұрған қабырға. Батыс қабырғасынан әрі қалыңдығы 76 см болатын дәліз қабырғасы орналасқан. Қабырғалардың биіктігі әр түрлі сақталған: шығыс қабырға – 185 см, солтүстік қабырға – 100 см, оңтүстік қабырға – 95-57 см аралығында. №1 бөлмеге №2 бөлме арқылы оңтүстік жағынан кірген. Бөлме есігінің кеңдігі - 90 см, табалдырықтың биіктігі - 15 см. Есік оңтүстік қабырғаның дәл ортасына орналасқан. Бөлменің солтүстік-батыс бұрышында суфа үстінде тандыр пеш орнатылған. Тандыр ернеуінің диаметрі 40 см. Кан арналары тандырдың батыс жағында, солтүстік қабырғадан оңтүстік қабырғаға дейін созылған. Бұл тандыр қала қазбасында кездесетін әдеттегі тандырлардан өзгешелеу. Тандырдың іші терең, күл тек түбінде орналасқан. Канға жалғанған қуыс байқалмады. Тандыр қабырғасының сырты ақ сұр түсті күлмен нығыздалып бекітілген.

Оңтүстік қабырғаға жақын жерде, есікке қарсы тағы бір тандыр пеш орны сақталған. Ол еденнен төменгі деңгейде орналасқан, ертерек кездегі бөлме пеші болған секілді. Бөлмені топырақтан тазалау барысында мәдени қабаттан қыш ыдыстың шүмегі, еден деңгейінен сүйектен жасалған шашқыстырғыш, сырлы қыш ыдыстар сынықтары, метал бұйымдар, т.б. табылды (3-сурет).

Бұл бөлменің оңтүстігінде №2 бөлме орналасқан.

3-сурет. №1 бөлменің жоғарыдан көрінісі

<u>№2 бөлме.</u> Бөлмеге дәліз арқылы батыс жағынан кірген. Батыс қабырғасындағы бөлмеге кірер ауызының кеңдігі 185 см. Одан солтүстікке қарай қабырға ұзындығы 52 см, ал, оңтүстікке қарай қабырға ұзындығы 95 см, қалыңдығы 20 см. Бөлменің оңтүстік қабырғасының ұзындығы 358 см, қалыңдығы 50 см, биіктігі - 120 см. Шығыс қабырғасының ұзындығы 320 см, қалыңдығы 65 см. Қабырғалар ақ бормен сыланған. Соған қарағанда №2 бөлменің ерекше маңызы болған секілді,

Кіре беріс алдында саз балшықпен сыланған еден көлемі 185х90 см. Бөлменің қалған жерлерін суфа алып жатыр. Суфаның шығыс бөлігінің кеңдігі 294 см, солтүстік бөлігі 50 см кең, оңтүстік бөлігі 90 см кең келген. Бөлмеде екі тандыр пеш орналасқан, алғашқысы бөлменің оңтүстік қабырғасына тақала, кан арналары қабырғаны бойлай орналасса, екінші тандыр бөлменің орта бөлігінде орналасқан. Оңтүстік қабырғаны бойлай орналасқан тандырдың диаметрі 35 см, қабырғасының қалыңдығы 3 см. Кан арналары шығыс қабырға бойында қосылып, тік мұржа камерасы арқылы жоғарыға сыртқа шығып кететін болған. Кан арналарының беті саман кірпіштермен жабылған (4-сурет). Бөлме еденінен моншақтар және темір бұйымдар қалдықтары кездесті.

Бұл бөлмеден оңтүстікке қарай №3 бөлме орналасқан.

4-сурет. №2 бөлменің жоғарыдан көрінісі

<u>№3 бөлме.</u> Бөлме батыс қабырғасының есіктен солтүстікке ұзындығы 200 см, қалыңдығы 25 см, оңтүстікке қарай ұзындығы 190 см, қалыңдығы 65 см. Есіктің ені 65 см. Оңтүстік қабырғасы ұзындығы 310 см, қалыңдығы 75 см. Шығыс қабырғасы ұзындығы 510 см, қалыңдығы 75 см, биіктігі 160 см. Бөлменің оңтүстік жағында қабырғаны түгел ала, 170 см кең суфа орналасқан (5-сурет). Бөлме есігінен №4 бөлменің солтүстік қабырғасына дейін дәліз саман кірпіштер қаланып бітелген.

Бөлме ішін тазалау кезінде қола сақина, мыс тиындар, қыш ыдыс сынықтары табылды.

Бөлменің оңтүстігінде №4 бөлме орналасқан.

5-сурет. №3 бөлменің жоғарыдан көрінісі

<u>№4 бөлме.</u> Бөлменің батыс қабырғасының ұзындығы 170 см, қалыңдығы 50 см. Оңтүстік қабырғасы ұзындығы 270 см, қалыңдығы 50 см, биіктігі 118 см. Шығыс қабырғасының ұзындығы 200 см, солтүстік қабырға ұзындығы 260 см. Батыс қабырғадан есік орны байқалады, ені - 80 см (6-сурет). Бөлме ішкі көрінісінде басқа құрылыс элементтері анықталған жоқ. Бөлменің тазалау барысында қола қоңырау және құс бейнесі бар мыс тиын табылды.

Бөлменің оңтүстігінде №5 бөлме орналасқан.

6-сурет. №4 бөлменің жоғарыдан түсірілімі

<u>№5 бөлме.</u> Бөлменің батыс қабырғасының ұзындығы 340 см, қалыңдығы 50 см. оңтүстік қабырғасы ұзындығы 374 см болса, шығыс қабырға ұзындығы 330 см, ал, солтүстік қабырға ұзындығы 350 см. Солтүстік, оңтүстік және батыс қабырғалар қалыңдығы 50 см. Бөлме есігі оңтүстік қабырғасында орналасқан, ені 80 см. Бөлмедегі еден көлемі 180х170 см, басқа жердің бәрін суфа алып жатыр. Шығыс қабырғасына тақала тандыр пеш салынған. Тандырдан шыққан кан арналары оңтүстік-батыс бұрышта орналасқан мұржаға жалғасқан. Екінші тандыр пеш батыс қабырға бойына салынған екен. Ол кейін бұзылып орны тегістелген. Канның екі арналары сақталған, ендері 20 см-ден, екі кан аралығы 20 см. Суфаның батыс және шығыс бөліктерінің кеңдігі 95 см, солтүстік бөлігі кеңдігі 175 см (7-сурет).

Бұл бөлменің жоғарғы мәдени қабатынан күміс дирхемдер көмбесі табылды. Тиындардың жалпы саны – 35 дана. Күміс тиындар Өзбек және Жәнібек хандар соғылымы (8-сурет). Сонымен қатар, орташа көлемді қыш құмыралардың түбі, сырлы қыш ыдыс сынықтары, сүйектен өңделген шүмек кездесті. Бөлменің батыс қабырғасынан әрі орналасқан дәліздің ені - 95 см болды.

7-сурет. №5 бөлменің жоғарыдан түсірілімі

8-сурет. Қазбадан табылған күміс тиындар көмбесі

<u>№6 бөлме</u>**.** №6 бөлме №3 бөлменің тұсында, дәліздің батыс қабырғасынан батысқа қарай орналасқан. Бөлменің оңтүстік қабырғасының ұзындығы 320 см. Оңтүстік және батыс қабырғасының қалыңдығы - 20 см, солтүстік қабырғасы қалыңдығы - 70 см (9-сурет). Бөлмедегі шығыс қабырғаны бойлай орналасқан суфаның жалпы көлемі 250х200 см. Бұл бөлмеден қыш ыдыстың қақпағы, асықтар, тандыр пеш сынықтары табылды.

9-сурет. №6 бөлменің жоғарыдан көрінісі

Қазбадан табылған маңызды жәдігерлер ішінде құмыраның иық тұсына суда жүзетін құстар – үш үйрек салынған сырлы ыдыстың жоғарғы бөлігі табылғанын атауға болады. Бұл Алтын Орда қыш өнерінде жиі салынатын бейненің бірі (10-сурет).

Барлық бөлмелер тандыр пешпен жылытылатын болған. Бөлмелер еденін тазалау барысында тиындар, моншақтар және темір бұйым қалдықтары кездесіп тұрды. Еденнен табылған тиындар арқылы ғимаратты кезеңдесек, оның бөлмелердің қызмет атқарған уақыты Өзбек, Жәнібек хандардың билігі кезіне келеді. Тиындардың басым бөлігі осы хандар атынан соғылған. Өзбек ханның кезі Жошы Ұлысының ең өркендеген, гүлденген шағы. Бұл кезде империяның қуаты артып, саудасы, экономикасы өрледі. Керуен жолдары қалпына келтіріліп, сол заманға сай жетілген инфрақұрылыммен жабдықталды.

10-сурет. Суда жүзіп жүрген үш құс бейнесі салыңған ыдыс бөлігі

Қазба жұмысы нәтижеслеріне тоқталсақ:

1) Ортағасырлық Сарайшық қаласының ғимараттары алдын-ала ойластырылған жоспар бойынша, түзу көше, қаз-қатармен салынғанын көре аламыз. Бұл Ұлы Жібек жолы бойындағы қаланың құрылыстары стихиялы түрде емес, астаналық қалалар секілді алдын-ала сызылған жоспармен басқарылып салынған екенін көрсетіп отыр.

2) Ашылған қазбада дәліздердің болуына байланысты бұл нысанды қоғамдық ғимарат деп санауға болады. Осы қазбаға жақын маңда 1996-2008 жылдары ашылған кешенді сарай ғимараты (ханака) орналасқанын ескерсек, қаланың бұл ауданы керуеншілер, саяхатшылар, жолаушылар, зиярат етушілердің қонып түнеуі үшін салынған құрылыстардан тұрады.

3) Табылған жәдігерлер Сарайшықтың өзге қалалармен байланыстары туралы ақпараттар береді, бұл арқылы өз кезегінде қаланың ортағасырлардағы ролін сараланды.

ҚР Мәдениет және спорт вице-министрі Н.Дәуешов, «Қазқайтажаңарту» РМК директоры М.Бигелдиев және Атырау облысы Мәдениет архивтер және құжаттама басқармасының басшысы А.Рысқалиев №3 қазба орнында болып, қазба жұмыстарының барысымен, консервациялау, реставрациялау жұмыстарының перспективасымен танысты (11-сурет).

Қазба жұмысы барысында жаңа технологиялық құралдар пайдаланылды (12-сурет)

11-сурет. ҚР Мәдениет және спорт вице-министрі Н.Дәуешовтің қазба жұмысымен танысу сәті

12- сурет. Қазба алаңын георадарлық металодетекторлармен тексеру

8.1.2 Ортағасырлық Сарайшықтағы «Хан моласы»

- «Хан моласы» қазбасы. «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы археологтары 2021 жылы сәуір айынан бастап «Хан моласы» археологиялық қазба орнында қазба жұмыстарын бастады. Жұмыстар музей-қорықтың Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігімен келісілген жылдық жұмыс жоспарына сәйкес жүргізілді. Зерттеудің мақсаты: дереккөздерде сипатталған ортағасырлық кесенелер орнын анықтау.

Археологиялық қазба жұмыстарын бастамас бұрын «Хан моласы» зерттеу нысаны айналасындағы 2020 жылы белгіленген жерленімдерді басқа орынға көшіру жұмыстары жүргізілді (1-сурет).



1-сурет. Қоршауы жоқ, жер бетінен анықталған жерленімдердің орналасу схемасы

Мәйіттерді көшіру жұмыстары 30 наурыз – 4 сәуір аралығында археологтардың қадағалауымен «ИП Кульчиев» ЖК арқылы жүргізілді. Бұл жұмысты демеушілер көмегімен 3 887 923 (үш миллион сегіз жүз сексен жеті мың тоғыз жүз жиырма үш) теңге қаржыға атқарды. Жұмыстар барысында жалпы 20 адамның мәйіті «Құлметен» зиратына көшірілді. Оның ішінде 7 мәйіттің туған-туысқандары анықталды. Ал қалған 13 сүйектің ағайындары табылмады. Есімдері және ағайын-туыстары табылған 5 қабірде Мырзағали Қаржауов пен әйелі Бадиғұл, анасы Халима, және ұлдары Нығмет пен Шоқан Қаржауовтардың мәйіттері болды (2-сурет). Сонымен қатар, 2 қабірде Ерсарыұлы Наушабай мен оның ұлы Наушабайұлы Құбаштың мәйіттері болды (3-сурет). Ал ағайын туыстары табылмаған, аты-жөндері белгісіз 13 қабірдің орналасуы сызбаға түсіріліп, жұмыс барысы фотосуреттермен тіркеу арқылы жүргізілді (4-сурет). Қазба орнындағы мәйіттерді «Құлметен» зиратына көшіру жұмыстары 4 сәуірде аяқталды.

2-сурет. Мырзағали Қаржауов және оның туыстарының көшірілген қабірлері

3-сурет. Ерсарыұлы Наушабай мен Наушабайұлы Құбаштың көшірілген қабірлері

4-сурет. Аты-жөні анықталмаған қабірлер көшірілген орын

2021 жылғы 6 сәуірден бастап «Хан моласы» нысанындағы негізгі археологиялық қазба жұмыстары жалғасты. Қазбаның жалпы аумағы 12x8 м, ал тереңдігі 2 м алаң белгіленді. Алдымен қазба орнындағы құланды топырақтарды тазалау жұмыстары жүргізілді. Сонан кейін орталық бөліктен көрхананың оңтүстік-шығыс бұрышы анықталды. Анықталған қабырғаларға қарап, қазбаны солтүстік-шығыс бағытқа қазу жалғасты.

5-сурет. Көрхананың оңтүстік-шығыс бұрышы

Көрхананың оңтүстік-шығыс бұрышы мен 2020 жылы анықталған оңтүстік-батыс бұрышы (6-сурет) арасының топырағын тазалау барысында құрылыстың ауыз қуысы оңтүстік қабырғадан анықталды. Көрхананың ауыз қуысының жоғарғы жағы кейбір сақталған кірпіштерге қарағанда жебе тәріздес арка түрінде жабылған болса керек (7-сурет). Ауыз қуысы астына табалдырық ретінде екі қатар кірпіш қаланып, алебастрмен бекітілген. Әрі қарай қазу барысында ауыз қуысы ұзын дәліз түрінде жасалғаны анықталды. Дәліз қыш кірпіштері саз балшықтан қаланып сырты сыланбаған. Көрхана қабырғасымен кірпіштер байланыспаған, тақап қаланған. Бұл дәліздің көрхана құрылысына кейіннен салынған болуы мүмкін екенін көрсетеді. Дәліздің шеті кірпіштер қаланып бітелген. Едені көрхана ішіне қарай тереңдеп еңкіш келген.

Ал құрылыс бұрыштары жебе тәріздес жабылып, ғимаратқа сегізбұрышты әсер береді. Күмбезіне қарай қабырғалар сегізбұрышты боп шеңберлене берген.

6-сурет. Көрхананың 2020 жылы анықталған оңтүстік-батыс бұрышы

7-сурет. Көрхананың ауыз қуысы

Көрхананың шығыс қабырғасын бойлай қазу барысында солтүстік-шығыс бұрышта анықталды (8-сурет). Солтүстік-шығыс бұрышының жоғарғы жағы түгелдей бұзылған. Бұзылулар солтүстік қабырға мен батыс қабырға бойында көбірек байқалды. Көрхананың солтүстік бөлігінде адамдардың көптеп жерленгеніне байланысты төртінші бұрышы толықтай қиратылған болуы мүмкін. Көрхананың солтүстік-батыс бұрышы түгелдей бұзылған. Сонымен бірге көрхана үстінен құланды кірпіш сынықтары өте көп шықты. Ол құландылар көрхана кірпіштерін бұзып, оларды сұрыптаудан қалған қалдықтар екені байқалады. Осы кірпіш қалдықтары арасында адам қаңқасының сүйектері шашылған. Көрхана еденіне дейін үш күрек қалыңдығындай құланды арасы адам сүйектеріне толы болды.

8-сурет. Көрхананың солтүстік-шығыс бұрышы

Жалпы, «Хан моласы» қазбасына жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде жобасы төртбұрышты, күмбезді келген төбесі бұзылған, үш бұрышы ғана сақталған көрхана ашылды (9-сурет). Көрхана ішкі жағынан алебастрмен сыланған. Сондай-ақ, кірпіштерді байланыстырушы балшық та алебастр ерітіндісі. Көрхананың ішкі көлемі 4х4 м-ге тең. Сақталған қабырғалардың ең биігі 1,05 м. Қыш кірпіштердің көлемі 22х22х5, 23х23х5 см. Көрхана ауыз қуысы дромос тәріздес, ұзын дәліз түрінде салынған. Оның ұзындығы 3,77 м, ені 97 см. Еденіне де қыш кірпіштер төселген (10-сурет). Анықталған адам сүйектеріне қарап 35-37 адамның қаңқасы бар деп есептеуге болады. Еденге 5 адам сүйегі қойылғаны анықталды. Басқа сүйектер құланды топырағымен араласып кеткен. Сүйектердің сақталуы нашар. Көрханадан еденнен сақталуы нашар ағаш табыттың қалдықтары да анықталды.

9-сурет. Көрхананың жоғарыдан толық көрінісі

10-сурет. Көрхана қабырғасы сылағы мен еденге төселген кірпіштер

«Хан моласы» қазбасында бұл көрханадан басқа солтүстік-батыс жағынан 2 м жерден тағы бір көрхана анықталды. Ол да толық қазып ашылды. Бұл көрхана да жобасында тік төртбұрышты. Бұрыштары жоғары қараған жебе тәріздес күмбезделген. Тек бір бұрышының күмбезі бүлінген. Оның еденіне кірпіш төселмеген, алебастр ұнтақтары төгіліп нығыздалған. Оның да ұзын дәлізі бар. Дәліз кірпіштері саз балшықты ерітіндімен бекітілген. Дәліз бен көрхананың қосылған жерінде кірпіштер байланыспаған, соған қарағанда бұл дәліз де кейінірек салынған болса керек.

Бұрынғы қазбалардың нәтижесіне қарасақ, археологтар қазба стратиграфиясын және табылған тиындарды есепке ала отырып осындай көрханаларды ноғай-қазақ кезеңіндегі жерленім үлгісі деген қорытынды жасаған болатын.

Сонымен «Хан моласы» қазбасында табылған 2 көрханада төмендегідей ерекшеліктер бар екенін хабарлаймыз.

1) екі көрхананың да ауыз қуысы оңтүстік-батысқа қараған және көрханалардың ұзын дәлізі бар. Дәліз көрхана құрылысынан бөлек салынған.

2) екі көрхананың да ішкі қабырғасы ақ алебастрмен сыланған. Кірпіштерді бекіткен ерітінді де алебастрдан дайындалған.

3) екі көрханада да адам сүйектерінің көптеп табылуы және оларда анатомиялық тәртіптің бұзылғаны. Бұл сондай-ақ көрханалардың тоналғанын, кірпіштерінің арнайы бұзылып алынғанын көрсетеді.

4) екі көрханада айтарлықтай тереңнен, 1,20 м тереңдіктен анықталды. Көрхананың табаны жер бетінен 2,20 м төмен.

5) көрханалар ішінен түймелік бекітпе (заклепка) тәріздес мыс бұйымдар табылды. Сонымен қатар темір белдік тоғасы, қалпақты шегелер, т.б. темір бұйымдар қалдықтары, ағаш, мата қалдығы табылды.

Көрханадан табылған мата қалдығын «Margulan Centre» ғылыми-археологиялық орталығының реставраторы Татьяна Крупа зерттеуге қабылдады. Алдын-ала тазарту нәтижесінде ақ түсті жіптермен өрнектер салынған қызыл барқыт мата екені анықталды (11-сурет).

Көрхана еденінен табылған сүйек үлгісін радиокөміртегі әдісімен жасын анықтау мақсатында Литва Республикасына, Вильнюс қаласындағы лабораторияға жіберілді. Бұл ғылыми үлгімен жұмыс жасаған мамандардың сараптамасы 457 жасты көрсетті, бұған +-30 жасты қосылған (12-сурет). Яғни, бұл 1493 жылға сәйкес келеді, нақтырақ айтса, 1463-1523 жылдардың аралығын көрсетеді. Сүйекте көміртегінің тұрақты изотопы мөлшерден аз, ал азоттың тұрақты изотопы мөлшерден көп болды. Бұл уақыты бойынша Ноғай Ордасы мырзаларының элиталық жерленімі деп есептеуге болады.

Қазба барысында топырақ арасынан сырлы және сырланбаған керамика сынықтары, құрылыс кірпіштері, жануар сүйектері кездесіп отырды.

11-сурет. Екінші көрханадан табылған мата қалдығы

CENTER FOR PHYSICAL SCIENCES AND TECHNOLOGY

Vilnius Radiocarbon

Performed by

Mass Spectrometry Laboratory
Saulėtekio ave. 3, LT-10222 Vilnius, Lithuania.
Mobile: +370 614 65313, E-mail: zilvinas.ezerinskis@ftmc.lt

Page 1 of 2

DATING CERTIFICATE

No. 2021-10-01-FTMC-YA98

03rd November 2021

1. Applicant for analysis: Aibek Turaruly, Private
2. Material of sample: Bone
3. Date of sample receiving: 2021-10-04
4. Analysis date: 2021-11-03
5. Equipment used for analysis: Single stage accelerator mass spectrometer (SSAMS, NEC, USA), Automated Graphitization Equipment AGE-3 (IonPlus AG).
6. Method of analysis: Samples were pretreated using acid-base-acid and collagen extraction protocol. IAEA C3, OXII and IAEA C9 were used as reference materials.
7. Results of analysis:

Sample designation	Lab. code	Radiocarbon age, BP	pMC	$\delta^{13}C$, ‰ (SD=±0.15 ‰)	$\delta^{15}N$, ‰ (SD=±0.2 ‰)
N3	FTMC-YA98-1	457±30	94.47±0.35	-18.7	14.37

The results are given in years before 1950 (radiocarbon age BP). The uncertainty in the age determination is given +/- one standard deviation. All radiocarbon ages are corrected for isotopic fractionation using the measured 13/12-ratio. The radiocarbon ages must be translated to calibrated radiocarbon years.

8. Calibrated radiocarbon dates:

Page 2 of 2



Fig. 1. Radiocarbon date 457±30BP (red), part of the calibration curve (blue) and the calibrated probability density function (grey) calculated in OxCal.

Responsible person: dr. Žilvinas Ežerinskis

12-сурет Радиокөміртегі анализінің сараптама қорытындысы

9 Ғылыми қор және музей қызмет көрсету жұмыстары

Ғылыми қор және музей қызметі бөлімі 2021 жыл бойынша атқарылуы тиіс жылдық жоспармен танысып, бөлім қызметкерлері өз міндеттерімен танысты. 2021 жылы бөлімінде қызметкерлер толығымен жұмыс істеді: бас қор сақтаушы, қор сақтаушы, экскурсовод, әдіскер, суретші-реставратор, музей-қараушы.

Сарайшық қаласын зерттеуге қатынасқан ғалымдар туралы ақпарат жинақтау басталды. Жыл бойына жоспарланған жұмыс бойынша ортағасырлық Сарайшықты зерттеген археолог-ғалымдар туралы (Арзютов Н.К, Ә.Х.Марғұлан, З.Самашев, Л.Г. Галкин, В.К.Афанасьев, М.Намазғалиев, М.Бердімұратов) ақпараттар жинақталып, кейін музей экспозициясын жасақтауға негіз болады.

Бекітілген жылдық жоспарға төмендегі жұмыстарды атқарды:

9.1 Қор жұмысы

Қор сақтау және құжаттау жұмыстары бойынша жаңадан қабылданған жәдігерлер тіркелді. Музей қорындағы жәдігерлерді коллекциялар бойынша бөліп, оларды тіркеу жұмыстары жүргізілді.

2021 жылы ғылыми қор және музей қызметі бөлімі бойынша қор іріктеу және сатып алу комиссиясының 7 отырысы өтті. Комиссия қортындысы бойынша музей қорына 35 жәдігер (28.01.2021 ж №1 акт, 22.02.2021 ж №2 акт, 25.03.2021 ж №3 акт, 26.04.2021 ж №4 акт, 21.06.2021 ж №5 акт, 26.07.2021 ж №6 акт, 26.07.2021 ж №7 акт) қабылданып, есепке алынды. Жалпы музей қорында 4600 жәдігер, оның 2000 негізгі қорда, 2600 қосалқы қорда тіркелген.

Нумизматикалық коллекция бойынша 107 жәдігердің ғылыми паспорты жасақталып тіркелді.



9.2 Музей-қорық ұйымдастырған «Музейге сый» акциясы

«Сарайшық» музей-қорығы жыл басынан «Музейге сый» акциясы бойынша ***36 жәдігер*** қабылданды.

- Сарайшық қаласындағы археологиялық барлау барысында табылған сәулеттік құрылыс тастары – 2 дана

  «Сарайшық.Тарихқа тұнған туған өлке» тақырыбындағы облыстық суретшілер мен қолөнершілердің сайысында сыйға тартылған шығармалар:
- О.Кендір «Алтын Орда-Сарай» картинасы – 1 дана
- Б.Миянов «Сарайшық- туған өлкем» триптих – 3 дана
- Ғ.Крым. «Қасымхан» - 1 дана
- Ғ.Жұмашев қолөнер туындысы «Көшпендінің сандығы» - 1 дана
- Т.Қисметов гобелен «Алтын қайық аңызы» - 1 дана
- Н.Елтезерова текемет – 1 дана
- Г.Молдашева құрақ – 1 дана

  Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгер С.Мұқаловтың жеке заттары:
- Фляга – 1 дана
- Штык-нож – 1 дана
- Портупея фрагменті – 1 дана
- Ш.Неталиев тапсырған қасқыр терілері – 2 дана
- Ш.Неталиев тапсырған қамшы – 1 дана
- Ж.Байғалиев тапсырған ши – 1 дана
- Ж.Байғалиев тапсырған безбен – 1 дана
- Карта Фра Мауро 1459 ж – 1 дана
- Карта Дж.Гастальди 1548 ж – 1 дана
- Карта А.Дженкинсон 1562 ж – 1дана
- Карта А.Дженкинсон 1593 ж – 1 дана
- Карта С.У.Ремезов ХУІІ ғ – 1 дана
- Карта С.ф.Герберштейн 1556 ж – 1 дана

- Карта В.М.Корнелли 1690 ж – 1 дана
- Карта А.Алексеев 1861 ж – 1 дана
- О.Кендір гобелен «Иманғали мешіті» - 1 дана
- Ж.Қарабалина ши «Көктем шуағы» - 1 дана
- Ш.Неталиевтің тапсырған алашасы – 1 дана
- Ә.Мұқтар тапсырған бесігі – 1 дана
- Х.Аюпова алашасы – 1 дана
- О.Кендір тапсырған ожау, ағаш ыдыс, торсық – 3 дана
- Ақтау қаласының тұрғыны, «Центр оперативной печати «Графика» ЖШС басшысы А. Измаков «Хандар кесенесі» макетін сыйға тартты – 1 дана
-

«Музейге сый» акциясы бойынша қабылданған жәдігерлер



9.3 Ғылыми кітапхана

Музейдің кітап қоры 30 жаңа кітаппен толықты. Қазіргі таңда 326 кітап бар.

Р\с	Кітап аты	Авторы	Шығарылған қала	Баспасы	Жылы	Беті	Данасы
1	Казахское ханство и Ногайская Орда Во Второй Половине XV-XVI в	А.Исин	Алматы	Алматы баспасы	2004	160	1
2	Ән ақиығы	Қайырғали Қаштеев	Ақтөбе	«А-Полигрия»	2005	150	1
3	Тюркология Историко-Археологи,аспект	Айман Досымбаевна	Астана	«EVO Press»	2014	220	1

4	Қазақ хандығы құрылымындағы институттар	Мұқтар Ә Ахметова Ұ Атығаев Н Ахмет А	Алматы	«Арыс»	2020	234	1
5	Біріншілер	Ә Мұқтар	Алматы	«Арыс»	2020	324	1
6	Өлкені тану – өмір талабы	К.Камысбаева Г.Байжигитова Р.Сауенова	Алматы		2014	131	1
7	Ел іші өнер кеніші		Алматы	Мерей	2019	258	1
8	Генералы Казахстана		Алматы	Абзал-ай	2013	464	1
9	Өмірдің бұралаң жолы	Нығмет Ғабдуллин	Алматы	Жазушы	1987	614	1
10	Әруақты аталар	Қайыржан қажы Макин	Алматы	Тамыр	2008	320	1
11	Сарыарқа және Алтын орда. Уақыт пен Кеңістік	В.Сүмер	Қарағанды	ҚХТУ институты	2019	246	1
12	Ұлт ұясындағы ұлағат	Ж.Жағыпарұлы	Астана	Фолиант	2014	408	1
13	Ислам ақидасы	Қ.Ержан	Алматы	Нұр -мүбарак	2014	320	1
14	Ханафи мәзһабы	А.Әділбаев	Алматы	Нұр -мүбарак	2014	328	1
15	Пір Бекет	Жауғашты қажы Нәренбайұлы	Алматы	Жазушы	2008	176	1
16	Ұлы тауларының шыңдары	Католог	Алматы	Social development center	2021	121	1
17	Қасиетті ұлытау	Б.Әбдіғалиұлы	Алматы	Ұлы тағзым қоғамдық қоры	2021	255	1
18	Сейсенхан Маханбет Ұлы дала дастаны	Ә.Қойлыбаев	Нұр-Сұлтан	Big Dream	2021	142	1
19	Отарбай Кендір	Отарбай Кендір	Атырау	Ақ жайық	2017	152	1
20	Марғұлан оқулары - 2019	Б.Байтанаев	Нұр-сұлтан	ЕҰУ	2019	704	1
21	Палентологиялық коллекция 1	Ғылыми католог	Алматы	Балауса	2020	304	1
22	Қару-жарақтар коллекциясы 3	Ғылыми католог	Алматы	Балауса	2020	256	1
23	Зергерлік бұйымдар Коллекциясы 4	Ғылыми католог	Алматы	Балауса	2020	432	1
24	Саз Аспаптар уоллекциясы 5	Ғылыми католог	Алматы	Балауса	2020	304	1
25	Сарайшық жәдігерлері	Ә.Мұқтар	Алматы	Арыс	2021	96	1

26	Ортағасырлық Сарайшықтағы тарихи ескерткіштер	Ә.Мұқтар	Алматы	Арыс	2021	80	1
27	Сарайшық музей-қорығы тарихы	Ә Мұқтар Ж.Диярова	Алматы	«Арыс»	2019	184	1
28	Археология Коллекциясы 2	Ғылыми каталог	Алматы	Балауса	2020		1
29	Мәңгілік тағзым Вечная память 2 том		Нұр-Сұлтан		2020	892	1
30	XVII-XIX Ғасырдағы қазақ хандығы	Ерлан Сыдықов Әбілсейіт Мұқтар	Алматы	«Mereke baspasy»	2015	672	1

Ғылыми кітапхана қоры



9.4 Экспозиция-көрме жұмыстары

Музей экспозициясы тақырыптық-экспозициялық жоспарға сай жасақталды. Жыл ішінде онлайн/офлайн форматта ***56 көрме*** өтті, оның ішінде ***3 халықаралық, 3 республикалық, 4 облыстық, 4 жылжымалы және тұрақты көрмелер*** ұйымдастырылды

Көрмелер

№	**Ай**	**Көрме тақырыбы**	**Көрерме ндердің саны барлығы (адам)**	**Көрме саны барлығы (бірлік)**	**Формат**
Халықаралық					
1	08.04	Қарақалпақстан Республикасы Хожелі қаласындағы 63-ші қазақ орта мектебінің окушыларына		1	**Онлайн**

2	20.05	Әзірбайжан Республикасы Әзірбайжан Ұлттық Кілем музейімен		1	**Онлайн**
3	26.05	Башқұртстан Республикасы Уфа қаласының қалалық округінің муниципалды бюджеттік мекемесі «Уфа қаласының тарихы» музейімен		1	**Онлайн**
Республикалық					
1		Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-музейімен		1	**Онлайн**
2		Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығымен қатар 175 жылдығы тойланып жатқан халық поэзиясының әйгілі тұлғасы, өлең сөздің дүлдүлі, айтыс өнерінде өлшеусіз із қалдырған Жамбыл Жабаевтың мерейтойына арнап Алматы облысы Жамбыл ауданы Жамбыл ауылындағы жыр алыбының әдеби-мемориалдық музейінің		1	**Онлайн**
Облыстық					
1		«Көршілес музейлер» жобасы бойынша Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30-жылдығына арнап Ш.Сариев атындағы Атырау облыстық көркемсурет және қолданбалы-сәндік өнер музейімен	179	1	**Онлайн**
2		Атырау облысы Мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасына қарасты Мақат тарихи-өлкетану музейімен	20	1	**Онлайн**
3		Атырау облысы Исатай аудандық музейімен	30	1	**Онлайн**
4		Атырау облысы Қызылқоға аудандық музейімен	12	1	**Онлайн**
Жылжымалы					
1	06.05	Ұлы Жеңістің 76 жылдығына арналған Махамбет аудандық әкімдігі, «Сенім шыңы» қоғамдық бірлестігі және «Сарайшық» мәдениет үйімен бірлесіп, Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жерлес жауынгер Сапарғали Мұқаловты еске алуға арналған «Солдат сағынышы» атты шара өткізді. Шара барысында музейге тапсырылған Сапарғали Мұқаловтың жеке заттары, құжаттары, фотоларының көрмесі өтті.		1	**Офлайн**
2		Музей-қорықтың суретші-қалыпқа келтірушісі Отарбай Кендірдің «Қылқалам ұшындағы тарих» атты жеке шығармашылық көрмесі		1	**Офлайн**
3		«Ұлық Ұлыс –Алтын Орда» халықаралық конференциясы негізінде өткен Далалық			

		семинарға «Алтын орда жәдігерлері» көрмесі			
4		"Алтын Орда жәдігерлері сөйлейді" атты жылжымалы көрмесі	**229**	**1**	**Офлайн**
		«Мен саған музейді көрсетемін» көрмесі			
1	14.04	Қазақстан азаматы https://www.facebook.com/watch/?v=308918473982323	185	**1**	**Онлайн**
2	07.04	Қазақстан азаматы https://www.facebook.com/watch/?v=207413024072674	137	**1**	**Онлайн**
3	21.04	Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының профессоры Садықов Сәлімгерей Бақытғалиұлы https://www.facebook.com/KhanOrdalySaraishyk/videos/268208108341202	169	**1**	**Онлайн**
4	22.04	Қазақстан азаматы https://www.facebook.com/watch/?v=1147603315652355	90	**1**	**Онлайн**
5	03.07	Қазақстан Республикасы Сур-етшілер Одағының мүш-есі, Қазақстан Респу-бликасы Көркем Ак-адемиясының мүше-кор-респонденті, «Тарлан-» сыйлығының лауреа-ты атыраулық атақты суретші Рафаэль Слекенов https://www.facebook.com/KhanOrdalySaraishyk/videos/352495839927750	91	**1**	**Онлайн**
6	08.07	Қазақстан азаматы https://www.facebook.com/watch/?v=297870768758053	134	**1**	**Онлайн**
7	23.07	Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, "Алаш" сыйлығының лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Жанболат Әлиханұлы Ауыпбай https://www.facebook.com/KhanOrdalySaraishyk/videos/429015894888343	94	**1**	**Онлайн**
8	10.08	Қазақстан азаматы https://www.facebook.com/watch/?v=906671713593051	73	**1**	**Онлайн**
9	16.08	Нидерланды корольдігінің азаматы https://www.facebook.com/KhanOrdalySaraishyk/videos/359860505593852	112	**1**	**Онлайн**
10	26.08	Қазақстан азаматы https://www.facebook.com/KhanOrdalySaraishyk/videos/2785104701780893	70	**1**	**Онлайн**
11	14.09	Санкт-Петербург қаласынан келген қонағымыздың пікірі https://www.facebook.com/KhanOrdalySaraishyk/videos/545766386629808	172	**1**	**Онлайн**

12	15.09	АҚШ -ның Пенсильвания штатының азаматшасы мисс Элизабеттің пікірі https://www.facebook.com/KhanOrdalySaraishyk/videos/588697835665489	11	**1**	**Онлайн**
13	29.09	Үндістан азаматының пікірі https://www.facebook.com/KhanOrdalySaraishyk/videos/1036043533825236	67	**1**	**Онлайн**
14	05.10	Франция елінің азаматы https://www.facebook.com/KhanOrdalySaraishyk/videos/566960327691705	33	**1**	**Онлайн**
15	12.10	Польша елінің азаматы https://www.facebook.com/KhanOrdalySaraishyk/videos/600252961106745	47	**1**	**Онлайн**
16	19.10	Ямада Джун Жапонияның Қазақстан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісінің пікірі https://www.facebook.com/KhanOrdalySaraishyk/videos/304734594447294	73	**1**	**Онлайн**
17	3.11	Rhonda Yoder (АҚШ) https://www.facebook.com/KhanOrdalySaraishyk/videos/279699810723046	110	**1**	**Онлайн**
18	5.11	Mr. John (Англия) https://www.facebook.com/KhanOrdalySaraishyk/videos/602333017888142	97	**1**	**Онлайн**
19	13.12	Қазақстан азаматы https://www.facebook.com/KhanOrdalySaraishyk/videos/616027789610772	65	**1**	**Онлайн**
20	14.12	Қазақстан азаматы https://www.facebook.com/KhanOrdalySaraishyk/videos/483579813331218	73	**1**	**Онлайн**
		Уақытша көрмелер			
1		2021 жылғы Сарайшықтан табылған жәдігерлер көрмесі		**4**	**Офлайн**
2	16.12	2021 жылғы Сарайшықтан табылған жәдігерлер көрмесі https://www.facebook.com/KhanOrdalySaraishyk/videos/659891998361975	118	**1**	**Онлайн**
3		Алтынордалық Ұшқан қаласы жәдігерлері		**4**	**Офлайн**
4	17.12	Алтынордалық Ұшқан қаласы жәдігерлері https://www.facebook.com/KhanOrdalySaraishyk/videos/268120312048465	238	**1**	**Онлайн**
5		Құлпытастар мекені жәдігерлері		**4**	**Офлайн**
6	19.12	Құлпытастар мекені жәдігерлері https://www.facebook.com/KhanOrdalySaraishyk/videos/1085377858883273	74	**1**	**Онлайн**
7		Жошы Ұлысы-Алтын Орда астаналары «Сарайшық – Сарай Бату – Сарай Берке қалалары ізімен» атты Халықаралық ғылыми-зерттеу, туристік		**4**	**Офлайн**

		экспедициясынан әкелінген жәдігерлер көрмесі			
8		Архив құжаттары сөйлейді		**2**	**Офлайн**
9		Музей-қорықтағы кітаптар көрмесі		**2**	**Офлайн**



Мақат тарихи-өлкетану музейі



Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-музейі





Исатай аудандық музейі *Қызылқоға аудандық музейі*

«Ұлық Ұлыс –Алтын Орда» халықаралық конференциясы негізінде өткен Далалық семинарға «Алтын орда жәдігерлері» көрмесі

9.5 Реставрация жұмыстары

Жыл бойына музей қорының реставраторы 23 дана жәдігері қайта қалпына келтірді, сондай-ақ 50 тиын тазаланды. Көрмеге 8 дана карталар дайындалып, есепке алынды.

1. ТК-ҚҚ-1886 қыш ыдыс
2. ТК-НҚ -1147 сырлы астабақ
3. ТК-НҚ -399 сырлы кесе
4. ТК-НҚ -232 құмыра
5. ТК-НҚ – 25 сиясауыт
6. ТК-НҚ -14 құмыра
7. ТК-НҚ – 225 қыш ыдыс
8. ТК-НҚ -223 кесе
9. ТК-НҚ-1474 сырлы ыдыс
10. ТК-НҚ – 12 құмыра
11. ТК-НҚ – 1139 түбек
12. ТК-НҚ -1591 құмыра
13. ТК-НҚ -1592 құмыра

14. ТК-НҚ – 1279 қыш ыдыс
15. ТК-НҚ – 1249 қыш ыдыс
16. н/ж – тағара археологиялық барлау барысында
17. н/ж – тағара археологиялық барлау барысында
18. н/ж – қыш ыдыс археологиялық барлау барысында
19. н/ж – қыш ыдыс археологиялық барлау барысында
20. н/ж – қыш ыдыс археологиялық барлау барысында
21. ТК-ҚҚ – 1948 құмыра
22. ТК-НҚ – 1150 құмыра
23. ТК-НҚ – 1144 кесе



9.6 Экскурсия

Сарайшық ауылында орналасқан нысандарды қосып, жаңа туристік маршрут жасақталды.

Музейге келушілер саны – 12 655 адам.

Музейге келушілерлің жалпы көрсеткіші:

№	Айлар	Ересек	Балалар	Студент	Шетел	Тегін	Көрме іс-шараларға	Барлығы
1	Қантар						15 онлайн	**15**
2	Ақпан	86	8			15	258 онлайн	**367**
3	Наурыз	176	400	126	3	186	202 онлайн	**1095**
4	Сәуір						1252 онлайн	**1252**
5	Мамыр	136	29			218	748 онлайн	**1131**
6	Маусым	263	144	215		105	1230 онлайн	**1957**
7	Шілде	195	100	50	7	35	2904 онлайн	**3291**
8	Тамыз	163	61		9	35	2262 онлайн	**2530**
9	Қыркүйек	48	30			92	1619 онлайн	**1789**
10	Қазан	327	391		35	4879	7134 онлайн	**12766**
11	Қараша	290	194		4	157	2841 онлайн	**3486**
12	Желтоқсан	171	362			147	2062 онлайн	**2742**
Барлығы		**1855**	**1719**	**391**	**58**	**5869**	**22527**	**32421**

Экскурсиялық көрсеткіштер:

№	Айлар	Онлайн		Офлайн		Барлығы
		Тегін	Ақылы	Тегін	Ақылы	
1	Қантар	1				**1**
2	Ақпан	1			13	**14**
3	Наурыз	2			38	**40**
4	Сәуір	5				**5**
5	Мамыр	4		3	19	**26**
6	Маусым	2		6	58	**66**

7	Шілде	10		7	38	**55**
8	Тамыз	6		10	30	**46**
9	Қыркүйек	2			29	**31**
10	Қазан	8		926	50	**984**
11	Қараша	3		14	51	**68**
12	Желтоқсан	5		22	51	**78**
Барлығы		**49**		**988**	**377**	**1390**



10 Музей-қорық ақпараттық- насихаттық жұмыстары

Есепті жылы музей қорық мамандарының 22 мақаласы ғылыми басылымдарда, 14 мақаласы республика, облыс, аудан басылымдарында жарияланды

10.1 «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының (бұдан әрі – Музей-қорық) қызметін және ортағасырлық Сарайшық қаласын насихаттауы

№	Тақырыбы	Уақыты	Сілтеме
"Атырау" телеарнасы			
1	"Евразия ендігінде" бағдарламасының кезекті санында ҚР Президенті Қ.Ж.Тоқаевтің "Тәуелсіздік бәрінен қымбат" атты мақаласы талқыланды	15.01.2021	https://www.youtube.com/watch?v=Unf9QeO1oH8&feature=youtu.be
2	Музей-қорық қызметкерлері Сарайшықтың кезек күттірмес проблемалары жөнінде көпшілікке ақпар берді.	08.02.2021	https://www.youtube.com/watch?v=LGA22soqWvw&feature=youtu.be
3	Сарайшықтың өзекті мәселелері туралы "Көне Сарайшық қалашығындағы жәдігерлер жоғалып барады"	19.03.2021	https://atyrautv.kz/kz/news/society/kone-saraishyk-kalashygyndagy-zhedigerler-zhogalyp-barady

4	Сарайшықта күнде кеңес	02.04.2021	https://atyrautv.kz/kz/news/society/saraishykta-kunde-kenes
5	«Сарайшық" мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы ұйымдастырған «Сарайшық-Прорва-Бұрыншық-Атырау-Сарайшық» экспедициясы туралы бейнематериал	26.07.2021	: https://atyrautv.kz/.../saraishyk-prorva-burynshyk...
6	Киелі мекендерге сапар	16.09.2021	https://atyrautv.kz/kz/news/society/kieli-mekenderge-sapar
7	"Сарайшық" музей-қорығы "Атырау" телеарнасы түсірген XVIII ғасырдың басында өмір сүрген Құттығай батыр туралы деректі фильмді ұсынады. XVIII ғасырдағы Қазақ хандығы туралы, қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы күресі жайлы музей-қорық директоры, т.ғ.д., Ә.Мұқтар өз ойымен бөліседі.	26.09.2021	https://atyrautv.kz/.../society/kuttygai-batyr-derekti-film
8	Сарайшықта көне керуен сарайының қалдықтары табылды	02.11.2021	https://youtu.be/b-jGmIBgIjw
9	Атырауда қасым ханға ескерткіш орнатуға ұсыныс тасталды	10.11.2021	https://atyrautv.kz/kz/news/society/atyrauda-kasym-hanga-eskertkish-ornatuga-usynys-tastaldy
10	Ұлық ұлыс неге жойылды?	11.11.2021	https://atyrautv.kz/kz/news/society/ulyk-ulys-nege-zhoiyldy
11	Ұлық ұлысты ұлықтауда жеті бағытта жұмыс жасалады	15.11.2021	https://atyrautv.kz/kz/news/society/ulyk-ulysty-ulyktauda-zheti-bagytta-zhumys-zhasalady
12	"Сарайшық-алтын орда қалаларының жауһары"	17.11.2021	https://atyrautv.kz/kz/news/society/saraishyk-altyn-orda-kalalarynyn-zhauhary
13	Сарайшық ашық аспан астындағы музейге айналса...	23.11.2021	https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=2702638190029793&id=1487020231591601
14	Қышқала зерттелу үстінде	24.11.2021	https://atyrautv.kz/kz/news/society/kyshkala-zerttelu-ustinde
15	Нақты 13 шешім шығарылды	25.11.2021	https://atyrautv.kz/kz/news/society/nakty-13-sheshim-shygaryldy
16	Алтын орда таңы атты	26.11.2021	https://atyrautv.kz/kz/news/society/altyn-orda-tany-atty
"QAZAQSTAN" телеарнасында			
1	Ішкі туризмнің дамуына ойдым жолдар тұсау болып тұр	22.04.2021	https://qazaqstan.tv/news/139888/
2	Жошы ұлысының Қазақ хандығы тарихындағы рөлін зерттейтін орталық ашылады	28.10.2021	https://qazaqstan.tv/news/147285/

"Caspian news" телеарнасында			
1	"Тарихтан тәбәрік" айдарымен "Хан ордалы - Сарайшық" атты бейнефильм көрсетілді.	12.05.2021	https://youtu.be/c8NdqITe-Fg
2	15 тамыз - археологтар күніне арнайы түсірілген түсірілім	15.08.2021	
"TPT Аваз" телеарнасы			
1	Туркия елінің "TPT Аваз" телеарнасында Ортағасырлық Сарайшық қаласы туралы бейнекөрсетілім жарияланды.		https://www.youtube.com/watch?v=RbrspYK06qA




2







10.2 «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» қызметкерлерінің газет-журнал беттерінде жарық көрген мақалалары

№	Тақырыбы	Авторы	Уақыты мен саны	Сілтеме
"Жайық шұғыласы" газетіне				
1	"Сарайшық жәдігерлері"	Т. Мұғиев	15.01.2021	

			№	
2	Түркістандай қазақтың астанасы болған"	А.Тұрарұлы	22.04.2021	
3	"Аңыз бен ақиқаты астасқан"	О.Сағынбаева	09.07.2021	
4	"Түркістанды салуға атсалысқан"	Ж.Диярова	23.07.2021	
5	«Ұлт мұрасын ұлықтаған арулар»	А.Тұрарұлы	05.03.2021	
6	Ауыл тақырыбына қалам тербеп еді	Ә.Мұқтар	№30(6499) 30 шілде 2021	
7	Сарайшықтың Ұлық Ұлыс тарихындағы маңызы	Ә.Мұқтар	12.11.2021 №45	
Атырау газеті				
1	«Алтын Орда -Ұлық Ұлыс орталығы »	Ә.Мұқтар	№84(20585) 22 қазан 2021 ж	
Егемен Қазақстан газеті				
1	«Ортағасырлық Сарайшық- Ұлық Ұлыстың бір бөлшегі»	Ә.Мұқтар		
"Прикаспийская коммуна" газеті				
1	"Великая кочевница - царица Суюмбике"	Н.Нугманова	22.03.2021 №	
Ресейлік ғылыми сілтемелер индексі базасына (РИНЦ)				
1	«Средневековый Сарайшык в истории Золотой Орды и Казахского ханства (XIII - XVI вв.)»	Ә. Мұқтар А. Жумабаев		
СКОПУС базасындағы журналдарда жарияланған мақалалар				
1	Historiography of the History of Tarkhan institute(Article) ASTRA Salvensis, Supplement no.	Muktar, A.K., Akhmetova, U.T., Ismailov, S., Zhussupov, R., Zhumabayev, A	1/2021 Pages 161-172	
2	Diplomatic Activity of Khan Bukey Barakuly in the 80-s of the XVIII – first quarter of the XIX centuries (based on Russian Archival Materials)	Abilseit Muktar, Ruslan Zhusupov, Ulzhan Akhmetova, Serikzhan Ismailov	Bylye Gody. 2021. 16(2) C.543-555	
М.Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан университетінің «Хабаршысы»				
1	"Прорва-Астрахань лагерлері тарихы Атырау облысы архивтерінде (1932-1950 жж)"	У.Т.Ахметова А.Жұмабаев		
"Махамбет" республикалық әдеби-мәдени танымдық журналы				
1	«Сарайшық" мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы"	Ж.Диярова	2021 жылғы қаңтар-	

			наурыз айлары, №1 саны	
"Мәдени мұра" журналы				
1	"Алтынордалық Сарайшық ортағасырлық деректерде" мақаласы	Ә.Мұқтар	2021 жылғы №2 (93)	
"Отан тарихы" ғылыми журналы				
1	Қазақ хандығы мен Моғұлстанның XY-XYI ғасырдың басындағы қарым-қатынастарға арналған мақаласы	Н.Атығаев	N 2(94) - 2021	
2	Прорва	Ә.Мұқтар Ұ.Ахметова А.Жұмабаев	№ 4(91). 2021	

Конференция материалдары

№	Конференция атауы	Тақырыбы	Авторы	Уақыты	Сілтеме
1	"Ұлы Жібек жолы мен Қазақстан керуен жолдарының урбанизация үдерісіндегі маңызы" атты халықаралық далалық семинар материалдары	"Сарайшықтағы 2020 жылғы "Хан моласы" қазбасы"	А.Тұрарұлы	20.05.	
2	«Қасым хан және Сарайшық: Қазақ мемлекет-тілігі тарихында» Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы Жалпы ред. Басқ. Ә.Қ. Мұқтар. – Атырау-Сарайшық, 2021. -202 б.	Хан моласын іздеу және оның алғашқы нәтижелері	Ә.Мұқтар А.Тұрарұлы	қазан, 2021 ж	129-143 б.
3	Алтын Орда: өркениеттер тоғысында» атты Алтын Орданың құрылғанына 750 жыл толуына арналған арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары жинағы.Алматы, – Алматы: Қазақ университеті,	Ортағасырлық Сарайшықтың Ұлық Ұлыс тарихындағы маңызы	Ә.Мұқтар	22 маусым, 2021 ж.	42-47 б.

	2021. 138 б.				

10.3 «Сарайшық» қаласы және музей-қорыққа байланысты газет беттерінде жарық көрген мақалалар

№	Тақырыбы	Авторы	Уақыты	Сілтеме
"Жайық шұғыласы" газетіне				
1	"Сарайшықта зиялылар бас қосқанда..."	Редакция	19.03.2021 №11	
2	Сарайшық тарихының тарланбозы	Т.Наурызəлі	№31(6500) 6 тамыз	
3	Сең қозғалды,Сарайшықта!	Қ.Айтқалиев	№32(6501) 13 тамыз	
4	Сарайшықта жаңа мешіт	А.Қуанышқал иева	№38(6507) 24 қыркүйек	
"Айқын" газеті				
1	"Сарайшықты сақтай аламыз ба?	Тұрсын Жұмабекқызы	09.06.2021	
«Шекарашы» журналы				
1	«Мызғып жатыр Сарайшық...» атты мақаласы	Ерсін Төлеуханұлы Кайбуллин	наурыз-сəуір айларындағ ы №2(113)	
www.gov.kz				
1	«Сарайшық» музей-қорығы "Хан моласын" зерттеуді жалғастыруда.	Редакция		
«Костанайские новости» аймақтық газеті				
1	Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мəдени музей-қорығы жүзеге асырып жатқан «ГУЛАГ жүйесіндегі Прорва жəне Астрахань лагерлері (1932-1950 жж): тарих, естелік, тағлым» ғылыми жобасы аясында «Черные паруса Прорвлага» тақырыбымен мақала	С.Исмаилов		
“Қазақ əдебиеті” газеті				
1	Сарайшық қаласы туралы жырлаған өлең шумақтары	Светқали Нұржан	15 қаңтардағы N 1	
«Прикаспийская коммуна» газеті				
1	От Сарайшыка до Атырау. Где зарождалась эпоха...	Соб.информа ция	№84(2051) 22.10.2021 ж	
«Атырау» газеті				
1	Сарайшықты сақтау-маңызды мəселе	Гүлжан Əмірова	№32 23 сəуір 2021ж	
2	Тарихтың терең тамыры	Гүлжан Əмірова	№34 30 сəуір 2021 ж	

3	Сарайшық туристік орталыққа айнала ма?	А.Қабдолов	№70 3 қыркүйек 2021 ж	
4	Қазақ хандығының бас мұрагері	З.Қабылдинов	№84 22 қазан 2021 ж	
5	«Айбыны асқан Алтын Орда»	Н.Насыр	№85 26 қазан 2021 ж	
6	Сарайшық халықаралық деңгейде зерттелуі керек	А.Қабдолов	№86 29 қазан 2021 ж	
7	Сарайшық – мәдениет һәм керуен жолы	Ғ. Халлидуллин	№87 2 қараша 2021 ж	
“Егемен Қазақстан” газетіне				
1	Талай ғасыр тұра берер әлі де...	Ж.Көшербайұлы	№74 17 қыркүйек 2021 ж	
2	Алтын Орда – қазақ мемлекеттігінің алтын бесігі	Ж.Көшербайұлы	№206 (30185) 29 қазан 2021 ж	

10.4 Музей-қорық сайтында, әлеуметтік желілерде насихатталуы

Музей-қорық «Хан Ордалы Сарайшық»

Facebook: https://www.facebook.com/KhanOrdalySaraishyk

№	Тақырып	Саны
1	Тіркелушілер	1128
2	Жарияланымдар: (жалпы) • фото-мәтінді ақпараттар • бейнероликтер	358 279 79
3	Лүпілдер	13100
4	Пікірлер	1744
5	Қаралым	91537

Музей-қорықтың фейсбук парақшасында 2021 жылғы тіркелушілер саны – 1128. Бұл көрсеткішті 2020 жылға салыстырғанда 97 тіркелушіге артық. Яғни 2021 жылы парақшаға 97 адам тіркелген. Жарияланымдар саны 358-ге жетті. Оның 279-і фото-мәтінді ақпараттар, ал 79 бейнероликтер. Парақшаның белсенділігі жақсы деңгейде, оған шығарылған жарияланымдардың қаралымы (91537) дәлел болады. Парақшаға Қазақстаннан бөлек, Ресей, Түркия, Монғолия, Әзербайжан, Өзбекстан, Германия, Оңтүстік Корея, Ирак, Иран елдерінен адамдар тіркелген, одан өзге еліміздің Атырау, Алматы, Нұр-Сұлтан, Орал, Шымкент, Ақтау, Ақтөбе, Тараз, Қызылорда және т.б. қалалардан тіркелген.

Инстаграм: Saraishyk_museum

Сілтеме: https://www.instagram.com/saraishyk_museum/

№	Тақырып	Саны
1	Тіркелушілер	441
2	Жарияланымдар: (жалпы)	274
3	Лүпілдер	2863
4	Пікірлер	61
5	Қаралым	9864

Бүгінгі таңда әлеуметтік желілер қарқынды даму үстінде. Осы орында әсіресе жастардың арасында көп таралған инстаграм желісі бар. «Сарайшық» музей-қорығы ағымдағы жылда жасалған жұмыстарды жастарға насихаттап, инстаграм желісіне тұрақты түрде жарияланымдар салып келеді. Бүгінгі таңда желіге 441 адам тіркелген. 274 жарияланым жарыққа шыққан. Тіркелушілердің басым бөлімі Атырау қаласы, Ақтөбе, Алматы және Шымкент қалаларынан. Сонымен қатар, тіркелушілер арасында Ресей және Өзбекстан азаматтары да байқалады. Тіркелушілердің 36,3 %-ы – 25/34 жастағылар болса, 27,9%-ы – 35/44 жастағылар, ал 3,7 %-ы ғана – 65 жас және одан да жоғары жастағы кісілер орын алған. Бұл да болса бұл платформа жастардың арасында көптеп тарағанын тағы да дәлелдей түседі.

Сайт: Saraishyq.kz

Сілтеме: https://saraishyq.kz/kk/

№	Тақырып	Саны
1	Жарияланымдар: (жалпы)	228
2	Қаралым	50690

Музей-қорық сайтына биылғы жылға 228 жарияланым жарияланды. Сонымен қатар, сайтты заман талаптарына сай қайта модернизация жасалды. Бұл жұмыспен «ТОРУС» компаниясы айналысып, бүгінгі таңда қолданушыларға қолайлы болу үшін қолайлы жаңартты. 2020 жылы сайт WORDPRESS.COM платформасымен жұмыс жасаған болса, 2021 жылы заман талаптарына сай болған JOOMLA.COM платформасына өзгертілді.

Ютуб: Saraishyk_museum

Сілтеме: https://www.youtube.com/channel/UCFRxhFQz6-him7huIcgXFhg/videos

№	Тақырып	Саны
1	Тіркелушілер	45
2	Жарияланымдар: (жалпы)	74
3	Қаралым	1408

Ютуб парақшамызда қазірде 45 адам тіркелген. Бүгінде 74 бейероликтер жарияланып, 1408 қаралым жинады.

«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының әлеуметтік желілері

Тақырып	2019	2020	2021
Фейсбук **- Тіркелушілер саны**	651	1031	1128

- Жарияланымдар саны **- Қаралым саны**	325 -	438 89381	358 91537
Инстаграм **- Тіркелушілер саны** **- Жарияланымдар саны** **- Қаралым саны**	 141 91 -	 228 322 9354	 441 274 9864
Сайт **- Тіркелушілер саны** **- Жарияланымдар саны** **- Қаралым саны**	 2 346 1959	 - 166 49597	 - 228 50690
Ютуб **- Тіркелушілер саны** **- Жарияланымдар саны** **- Қаралым саны**	 16 4 -	 33 50 581	 45 74 1408

11 Әкімшілік-құқықтық жұмыстар

Музей қорықта 30 адам жұмыс жасайды. Олардың арасында 1 ғылым докторы, 1 ғылым кандидаты, 2 магистр, 1 РФ Қалмақ мемлекеттік университеті аспиранты бар. Ғылыми-зерттеулер жұмыстарына өзге мекемелерден 1 ғылым докторы, 3 ғылым кандидаты, 1 философия докторы тартылған. Музей қорықта 2 - ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің «Мәдениет саласының үздігі», 1 - «Туризм саласының үздігі», 3 – «ҚР Тәуілсіздігіне 30 жыл» мерекелік медал, 6 - "Құрмет грамотасы" иегерлері еңбек етеді.

11.1. Кадрлық қызмет

«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының штаттық бірлік саны – 30.

Музей қызметкерлерінің жұмыс өтілі

1-5 жыл	6- 10 жыл	11- 20 жыл	21- 30 жыл
12	2	1	8

18-27жас // 5 28-45жас // 10 46-59 жас// 4 60 жастан жоғары // 4

Орта білімділер - 7 адам
Жоғары білімділер – 16 адам

Ғылыми атағы барлар
Доктор -1
Кандидат - 3
Магистр – 2 магистрант – 2



11.2 Музей-қорық қызметкерлерін көтермелеу жұмыстары

- "Қазақстандық салалық мәдениет, спорт, туризм және ақпарат қызметкерлерінің кәсіптік одағы" қоғамдық бірлестігі Қазақстан Республикасы Президентінің жалпыға ортақ еңбек қоғамын құру идеясы аясында қоғамның дамуына қосқан елеулі үлесі, әлеуметтік әріптестікті дамыту жолындағы жемісті еңбегі үшін және 8 наурыз халықаралық әйелдер күніне орай "Сарайшық" мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы қызметкерлері К.Акимова және А.Үмбетова құрмет грамотасымен марапатталды.



- Қазақстан Республикасы Мәдениет және өнер қызметкерілері күні ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің қолдауымен "Сарайшық" музей-қорығы қызметкерлері М.Лекерова мен Ж. Байғалиев "Құрмет грамотасымен" марапатталды. (21 мамыр 2021жыл)



- “Сарайшық” музей-қорығының директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор Ә. Мұқтар Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті университеттің

дамуына айрықша үлес қосқаны үшін “Халел Досмұхамедов” университеттік төсбелгісімен марапаттады. (30 маусым 2021 жыл)



- "Сарайшық" мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының бас есепшісі А.Қайреденова "Болашақ" халықаралық академиясы өткізген біліктілікті көтеру семинарына қатысып, сертификатқа ие болды. (21-23 шілде 2021 жыл)



- "Сарайшық" музей-қорығының ғылыми қызметкері Ж. Диярова “Ұлағатты ұрпақ” мәдени-білім беру жобасын жүзеге асыруға қосқан еңбегі үшін Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрі Ақтоты Райымқұлованың “Алғыс хатымен" марапатталды..



- Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен «Қазақстан Тәуелсіздігіне 30 жыл» мерекелік медалімен музей-қорық директоры, т.ғ.д., профессор Ә.Мұқтар, музей-қорық директор орынбасары А.Тұрарұлы, бас қор сақтаушы О. Сағынбаева марапатталды. (22 желтоқсан 2021 жыл).

11.3 Тәжірибе алмасу, халықаралық байланыс және ынтымақтастық жұмыстары

11.3.1 Тәжірибе алмасу

- «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы ұлттық қолөнер түрлерін насихаттау мақсатында қойдың табиғи және өңделген жүнінен текемет және өзге бұйымдар жасап үйреніп, өз бизнесін дамытқысы келетін қыз-келіншектерге арнап шеберлік курстарын ашты. Шеберлік курстары ақылы. Курсты Сарайшық музейінің жәдігерлермен таныстырушысы, этнодизайнер, «Асыл мұра» шеберханасының басшысы Ұлболсын Дауленованың шәкірті, «Ақсауле» шеберлер алаңының қолөнер шебері Қабделова Қарлығаш Жақияқызы жүргізді.



- Татарстан Республикасы Ш.Марджани атындағы Тарих институты ұйымдастыруымен Жошы Ұлысы – Алтын орда тарихын зерттеушілердің халықаралық қауымдастығы құрылған болатын. Қауымдастық аясында қазақ бөлімі құрылып, оған белгілі тарихшы ғалымдар Ә. Муминов, А. Кушкумбаев, Н. Атығаевтар сайланды. "Сарайшық" музей - қорығы ғалымдары алғаш күннен бастап-ақ қауымдастықпен байланыс орнатты. (19 қараша 2021 жыл)



- "Сарайшық" музей-қорығының бас инспекторы А. Тұрарұлы мен ғалым хатшысы А. Жұмабаев Жамбыл облысы Шу аудандық тарихи-өлкетану музейінде болды. Музей экспозициясы мен қызметкерлерінің жұмысымен танысып, іс-тәжірибе алмасты. Шу аудандық музейі меңгерушісі А. Берденова мен ғылыми қызметкер Л. Маметаева өңір тарихымен, музей жұмысы жөнінде ақпараттармен бөлісті.(19 мамыр 2021 жыл)



- Ортағасырлық Ақтөбе (Баласағұн) қаласы орнында өткен далалық семинарға іс-тәжірибемен алмасуға «Сарайшық» музей-қорығының бас инспекторы Айбек Тұрарұлы және ғалым хатшы Амангелді Жұмабаев қатысты. Тарих ғылымдарының докторы, профессор Мадияр Елеуовтың басшылығымен қазба нысандары таныстырылып, табылған материалдар сараланды. Сонымен қатар, далалық семинарға академик Берекет Кәрібаев, ҚазҰУ Тарих факультетінің деканы, профессор Меңдігүл Ноғайбаева, профессор Тәттігүл

Қартаева, PhD докторлар Ералы Ақымбек, Ринат Жұматаев және ҚазҰУ археология, этнология және музеология кафедрасының жас ғалымдары, музей-қорықтар қызметкерлері атсалысты.



- «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК-ның қызметкері Ж.Диярова музей-қорықтың веб-сайтын модернизациялау және имиджік өнімдерді дайындау мақсатында тәжірибе алмасу үшін Орал қаласындағы танымал IT компаниялардың бірі «TORUS» ЖШС іссапарға барды (15-16 маусым 2021 жыл).



- "Сарайшық" мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының бас қор сақтаушысы О.Сағынбаева "Отырар" мемлекеттік археологиялық қорық-музейіне іс-сапармен барды. Іс-сапар мақсаты екі музей арасындағы өзара байланысты нығайту және қор сақтау, музейлендіру жұмыстары бойынша тәжірибе алмасу боп табылды. Сапар барысында көне

Отырар қаласының қазба аймағы, Сапар орталығы және Арыстанбаб кесенесінде болып, онда жүзеге асып жатқан жұмыстармен танысты. Сонымен қатар, "Отырар" қорық-музейі директоры Махашов Жангелді Меңлібайұлымен және бас қор сақтаушы Шоқай Ералы Төлендіұлымен кездесіп, алдағы уақытта бірлесіп атқарылатын жұмыстар туралы пікір алмасты. (13-15 шілде 2021 жыл)



- «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы ғылыми кітапханасы қорына Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ғылыми қызметкері Байжұманова Замзагул Бекежанқызы институт ғалымдарының жарық көрген еңбектерін сыйға тартты.

- «Сарайшық» музей-қорығы директорының орынбасары А. Тұрарұлы іс-тәжірибе алмасу мақсатымен «Таңбалы» табиғи қорық-музейінде болып, музей мамандарымен музейлендіру, экспозициялау, туристер тарту мәселелері жөнінде өзара пікір алмасты. Сонымен қатар, Сарайшықта салынып жатқан «Сапар орталығына» байланысты маңызды мәселелер талқыланды.

- Сарайшық» музей-қорығының директоры орынбасары А. Тұрарұлы Ә. Марғұлан атындағы Археология институтының директоры А. Оңғармен кездесіп, екі мекеме арасындағы әріптестік байланыстардың, археологиялық жұмыстар жүргізудің келелі мәселелерін талқылады (7-сурет).

- 2021 жыл 29 қараша - 1 желтоқсан аралығында "Сарайшық мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы археологы Ж. Байғалиев пен қор сақтаушысы Т. Мұғиев Нұр-Сұлтан қаласындағы Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінде ***«Археологиялық материалдарды (тері, мата және жүн өнімдерін) концервациялау және өңдеу» тақырыбындағы семинар*** жұмысына қатысып білімдерін арттырды.

Нұр-Сұлтан қаласында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ұлттық биотехнология орталығында адамның популяциялық генетикасы зертханасының жетекшісі, биология ғылымдарының кандидаты, PhD Мақсат Жабағинмен кездесіп, лабораторияларды аралап, орталықтың жұмыстарымен, ғылыми жобалары, генетика саласындағы соңғы жаңалықтарымен таныстық. Соңында бірлесе жүргізілетін ғылыми зерттеулер барысында ой-пікірлер талқыланды. Өйткені, ортағасырлық Сарайшық материалдарына генетикалық зерттеулер бұрын жүргізілмеген-ді. Кездесу барысында жақын арада Атырау қаласында өтетін қазақтың біртуар тұлғасы Қасым ханға арналған конференцияда генетикалық мәселелер бойынша баяндама жасау туралы ұсыныс айтылды.

11.3.2 Халықаралық байланыс

- «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы мен Мәскеудегі ГУЛАГ тарихы музейі ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. 26 наурызда ГУЛАГ тарихы музейіне Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Ермек Беделбайұлы Көшербаев келді. ГУЛАГ тарихы музейінің директоры Роман Владимирович Романов бұл ынтымақтастық жөнінде елшіге айтып берді. Ынтымақтастық екі тарап үшін де жемісті болады деп санаймыз. Қазіргі кезде «Сарайшық» музей-қорығы «ГУЛАГ жүйесіндегі Прорва және Астрахань лагерлері (1932-1950 жж.): «тарих, естелік, тағылым» гранттық жобасын іске асыруда, осы жоба аясында ГУЛАГ тарихы музейімен бірлескен көрме өткізу жоспарланып отыр. Гранттық жобаға ГУЛАГ тарихы музейі директорының ғылыми жұмыстар бойынша орынбасары, т.ғ.д. Г.М. Иванова қатысуда.
https://www.facebook.com/gulagmuseum/posts/4432522383442043



- Шет елдердегі қазақ балаларын ел тарихында өзіндік орны бар ортағасырлық Сарайшық қаласының тарихымен таныстыру мақсатында, Қарақалпақстан Республикасы Хожелі қаласындағы 63-ші қазақ орта мектебімен байланыс орнатылып, мектеп оқушыларына Сарайшық туралы бейнеролик дайындалып көрсетілді. Бейнематерал арқылы оқушылар қаланың қалыптасуы, даму тарихымен танысып мол мағлұматтар алды.(30 наурыз 2021 жыл)



- «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы Татарстан Республикасы Ғылым Академиясының А.Х. Халиков атындағы Археология институтымен ынтымақтастық келісімшарты жасалды. Осы мекеменің ғылыми қызметкері, археолог, тарих ғылымдарының кандидаты Евгений Михайлович Пигарёв музей-қорықпен әрдайымда тығыз байланыста.

Алтын Орда тарихының маманы Е.М. Пигарёв өз еңбегінде Сарайшық қаласын Жошы ұлысының астанасы ретінде: «на первом этапе (1242/43 – 1313 гг.) в ходе оформления и обустройства ханского домена, в междуречье Волги и Урала появляются два, собственно золотоордынских, города – Сарай (Сарай ал-Махруса) и Сарайчук, обладавшими административными столичными функциями. Оба города находились на местах речных переправ, что позволяло вести контроль над международной торговой магистралью», - деп келтірген.

Ғалым 2020 жылы «Сарайшық» музей-қорығына «Селитренное городище: история исследований» монографиясын тарту еткен болатын. Биыл бұл үрдіс жалғасын тауып, т.ғ.д. Ю.А. Зеленеевпен бірлесе жазған «Селитренное городище: археологические исследования на бугре Больничном в 2014–2016 годах» атты монографиясы музей-қорықтың кітапханасын толықтырды.

«Сарайшық» музей-қорығының ғалымдары т.ғ.к., археолог Е.М. Пигарёвпен бірлесе «Ортағасырлық Сарайшық энциклопедиясы (XIII-XVI ғғ.)» атты жобаны дайындап, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі жариялаған бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру конкурсына ұсынған болатын.



- «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы алдын-ала жүргізілген келісім бойынша Башқұртстан Республикасы Уфа қаласының қалалық округінің муниципалды бюджеттік мекемесі «Уфа қаласының тарихы» музейімен тікелей эфирде кездесу өткізді. Кездесу барысында музей басшылары Ә.Мұқтар мен Т.Ильясов бірігіп атқарылатын жұмыстарды талқылады. Тарих ғылымдарының кандидаты Тимур Тагирұлы «Уфа қаласының тарихы» музейіне қысқаша шолу жасап, соңынан музейге онлайн-экскурсия жасалды. Кездесу соңында музей басшылары тікелей эфирде өзара ынтымақтастық келісімшартына қол қойды. (26 мамыр 2021 жыл)



- «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы Әзірбайжан Республикасы Әзірбайжан Ұлттық Кілем музейімен ынтымақтастық туралы келісімшарт жасасты. (3 наурыз 2021 жыл).

- «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы археологы, Қалмақ мемлекеттік университетінің аспиранты Амангелді Жұмабаев белгілі астрахандық археолог, Сарайшықтанушы В.В. Плаховпен және Қалмақ мемлекеттік университетінің профессоры, археолог П.М. Кольцовпен кездесті. Кездесу барысында соңғы жылдардағы ортағасырлық Сарайшық орнындағы қазбалар, оның мәселелері, музей-қорықтың ғылыми зерттеу жұмыстары барысы, түрлі гранттық қаржыландыруға қатысу барысындағы бірлескен жұмыстар, Алтын Орданың керуен жолдары және керуен сарайлар тақырбына қатысты өзара пікірлер алмасты (17-22 маусым аралығы).



11.3.3 Ынтымақтастық жұмыстары

- “Сарайшық” мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы” Мемлекет тарихы институты мекемесімен ғылыми зерттеулерді дамыту мақсатында өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. ҚР БҒМ Ғылым комитетінің “Мемлекет тарихы институты” мемлекеттік мекемесі ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүзеге асырып, еліміздің ғылыми әлеуетін айқындайтын жетекші мекемелердің бірі. (11 ақпан 2021 жыл)



- «Сарайшық” музей-қорығы «ГУЛАГ жүйесіндегі Прорва және Астрахань лагерлері: «тарих, естелік, тағылым (1932-1950 жж.)» жобасы аясында “Саяси қуғын-сүргін және тоталитаризм құрбандарының “Алжир” мемориалды -музей кешенімен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Меморандум шеңберінде тараптар өзара тиімді ынтымақтастық үшін ғылыми-зерттеу және мәдени-білім беру бағытындағы

жұмыстар, тағылымдамалар ұйымдастыру шеңберінде ғалымдармен және мамандармен алмасу туралы байланыс орнатылды.



- «Сарайшық» музей-қорығы гранттық қаржыландыру бойынша «ГУЛАГ жүйесіндегі Прорва және Астрахань лагерлері: «тарих, естелік, тағылым (1932-1950 жж.)» жобасын жүзеге асыру мақсатында еліміздегі танымал IT-компаниялардың бірі «TORUS» ЖШС-мен байланыс орнатты. «TORUS» ЖШС жаңа IT технологияларды қолдану мен оны түрлі салаларға енгізу бағытында өзіндік қолтаңбасын қалыптастырған мекеме. Сонымен бірге «TORUS» музей-қорықтың веб-сайтын модернизациялауға, 3D модельдеу, имидждік өнімдер дайындауға және мамандардың білімін жетілдіруде де көмек қолын созуда. Өзара бірлескен жобалар интернет қолданушылары мен музей-қорыққа келушілерге Сарайшықтың бай тарихын көрсетуде үлкен мүмкіндіктерге жол ашады.



- Ортағасырлық Сарайшық тарихы Жошы Ұлысы (Алтын Орда), Ноғай Ордасы, Қазақ Хандығының тарихымен атасып жатыр. Сарайшық XIII-XV ғасырларда олардың астанасы болып, әлемдік дамуға өз үлесін қосты. Бүгінде зиялы азаматтардың ұйымдастыруымен еліміздің қасиетті жерлерінің топырағы, соның ішінде ортағасырлық Сарайшық топырағын, Тарихи-мәдени мұраны зерттеу орталығы басшысы М.Кипиев арнайы Түркістанға барып табыстады.



- "Сарайшық" мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы РМҚК мен Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті ынтымақтастық меморандумына қол қойды. Меморандум өзара бірлескен ғылыми-зерттеу жұмыстарына, болашақ мамандардың кәсіби шеберлігін шыңдауға, тәжірибе алмасуға жол ашады. Сонымен бірге университет ғалымдары, студенттері ортағасырлық Сарайшықтың жаңа беттерін зерттеуге қатыспақ.

12 Мәдени-көпшілік шаралар

Музей-қорық жылдық жоспарға сәйкес іс-шараларды онлайн-офлайн форматта өткізді. Атаулы мереке күндері құттықтаулар, бейнероликтер дайындалып, мекеменің сайты мен әлеуметтік желілеріне орналастырылды. Ерекше атап өтуге болады, 2021 жылы қайырылымдылық жұмыстары кеңінен жүргізілді, мүмкіндігі шектеулі жандарға арнайы бағдарламалар әзірленіп, жұмыстар атқарылды.

- «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК-ның 2020 жылы 28 ақпанда Нұр-Сұлтан қаласында Қазақтың даңқты ұлы Қасым ханның туғанына 575 жылдығына арнап өткізген «Сарайшық – Ұлы Дала мұраты: мемлекеттілік және тарихи сабақтастық» атты дөңгелек үстеліне қатысқан ҚР Мәжіліс депутаттары, ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің өкілдері, қоғам қайраткерлері, зиялы қауым өкілдері, отандық және АҚШ, Ресей елдерінің тарихшы-ғалымдарының даңқты тұлғаны ұлықтау мақсатында Сарайшықта ескерткіш тұрғызу ұсынысы Атырау облысы әкімдігінің қолдауына ие болды. Бүгінде Атырау облысы әкімдігі қолдауымен Қасым хан ескерткішіне республикалық ашық конкурс жарияланды.



12.1 Онлайн шаралар

Есепті кезеңде карантиндік шараларға байланысты музей-қорық онлайн түрінде жұмыстарды жалғастырды. Онлайн форматта 10 жоба жүзеге асты:

1 жоба. Онлайн бейнеэкскурсия

«Сарайшық» музей-қорығы Әзірбайжан Ұлттық Кілем музейімен арадағы келісімшарт аясында инстаграмм парақшасында тікелей эфирде көрме ұйымдастырып, пікір алмасты. (20 мамыр 2021 жыл).





- «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы Zoom платформасында және Инстаграм парақшасында тікелей эфирде «Уфа қаласының тарихы» музейі онлайн-экскурсия өткізді. (26 мамыр 2021 жыл).





- «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығымен қатар 175 жылдығы тойланып жатқан халық поэзиясының әйгілі тұлғасы, өлең сөздің дүлдүлі, айтыс өнерінде өлшеусіз із қалдырған Жамбыл Жабаевтың мерейтойына арнап Алматы облысы Жамбыл ауданы Жамбыл ауылындағы жыр алыбының әдеби-мемориалдық музейінің меңгерушісі Салтанат Жамбыловамен тікелей эфирде сұхбат ұйымдастырды.



2 жоба. «Бір жәдігер көрмесі»

- 1-бөлім "Үлкен құмыра немесе хумдар"

https://www.facebook.com/KhanOrdalySaraishyk/insights/?section=navPosts



- 2-бөлім. «Қыш құбырлар» (орыс тілінде)



- 3-бөлім. «Қамшы»



- 4 бөлім. «Сфероконус»- ағылшын тілінде



- 5-бөлім



- 6 бөлім. «Бесіктің құрал-жабдықтары» - ағылшын тілінде



- 7 бөлім. «Алтын орда кірпіштері» - ағылшын тілінде



- 8 бөлім. «Құдағи жүзік» -ағылшын тілінде



- 9 бөлім. "Сарайшық" музей-қорығының кіші ғылыми қызметкері Н.Нұғманова Атырау облысы тарихи-өлкетану музейі экспозициясынан орын алған 1909 жылы Сарайшықтан табылған үлкен қыш құмыра (хұм) туралы әңгімелейді.



- 10 бөлім. "Сарайшық" музей-қорығының ғылыми қызметкері Ж.Байғалиев музей-қорықтағы таразылар туралы әңгімелейді.



<u>3 жоба. «Көршілес музейлер»</u>

<u>Көршілес музейлер ақпараты жоғарыда көрмелер бөлімінде көрсетілген.</u>

<u>4 жоба. «Ортағасырлық Сарайшық әлемдік карталарда»</u>

- "Ортағасырлық Сарайшық әлемдік карталарда" атты жаңа жобасын назарларыңызға ұсынады. 1-түсірілім. Фра Мауро картасы - 1459 жыл.



- "Ортағасырлық Сарайшық әлемдік карталарда" жобасы. 2-түсірілім. Джакомо Гастальди. 1548 жыл



- "Ортағасырлық Сарайшық әлемдік карталарда" жобасы. 3-түсірілім. Антоний Дженкинсон. 1562 жыл



"Ортағасырлық Сарайшық әлемдік карталарда" жобасы. 4-түсірілім. Энтони Дженкинсон. 1593 жыл



- "Ортағасырлық Сарайшық әлемдік карталарда" 5-түсірілім. С.У.Ремезов. XVII ғасырдың аяғы



- "Ортағасырлық Сарайшық әлемдік карталарда" 6-түсірілім. Сигизмунд фон Герберштейн. 1556 жыл



- "Ортағасырлық Сарайшық әлемдік карталарда" 7-түсірілім. Винченцо Мария Коронелли. 1690 жыл



- "Ортағасырлық Сарайшық әлемдік карталарда" 8-түсірілім. Николаас Витсен. 1692 жыл



<u>5 жоба. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдыққа орай "Музей FEST"</u>

- Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойын атап өтуге арналған "Музей FEST" жобасы аясында Атырау қаласындағы №6 М.Мөңкеұлы атындағы орта мектеп оқушылары музейге саяхаттап келді. Келген оқушыларға "Музей FEST" жобасының бағдарламасы бойынша викториналық сұрақтар, интеллектуалды және қызықты ойындар ұйымдастырылды.



6 жоба. «Бір сурет тарихы»

- «Қазақ халқына ең жақын тарих, ең қымбат тарих – Сарайшық тарихы» деп санаған, 1999 жылы Атырау облыстық әкімдігінің қолдауымен «Хан Ордалы Сарайшық» кесенесін салған Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Сәулетшілер Одағының және Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі Сайын Назарбек туралы баяндайды.

https://www.facebook.com/KhanOrdalySaraishyk/videos/257790372412078



- Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстанның халық жазушысы және Қазақстанның мемлекет сыйлығының иегері Әбіш Кекілбаев туралы
https://www.facebook.com/KhanOrdalySaraishyk/videos/159561449624864

- «Сарайшық» музей-қорығының алғашқы директоры М.Бердімұратовқа арналған «Молдаш Бердимуратов- Новая легенда Сарайчика» бейнеролигі
https://www.facebook.com/KhanOrdalySaraishyk/videos/523383905326950



7 жоба. «Аңыздар желісімен...»

- Сарайшықтың алтын қайық туралы аңызы ағылшын тілінде
https://www.facebook.com/ZhDiya/videos/406296530995536

- Атырау облысындағы мектептердің "Атамекен" өлкетану-туристік жорығына қатынасушы оқушыларына қала тарихы
https://www.facebook.com/KhanOrdalySaraishyk/photos/4379062298773341

- «Хандар кесенесі»
https://www.facebook.com/KhanOrdalySaraishyk/photos/4379062655439972

- Этнографиялық жәдігерлер көрмесі
https://www.facebook.com/ZhDiya/videos/801116840564924

- Археологиялық қазба орны

- Сарайшық қаласы арқылы өткен Ұлы Жібек жолдары
https://www.facebook.com/KhanOrdalySaraishyk/photos/4521848201161416

8 жоба. «Әжемнің сандығынан шыққан»

- Музейдегі отбасы күндері бойынша алғашқы шара «Әжемнің сандығынан шыққан...» тақырыбымен этнографиялық жәдігерлерді таныстырудан басталды. Келген көрермендерге этнографиялық жәдігерлер топтамасын таныстырып, «Әжемнің сандығынан шыққан» жәдігерлер туралы әңгімеленді. Көненің көзі, ата-әжелерімізден қалған алаша, ши, кебеже, жастағаш сынды асыл мұраларымыздың тарихы әңгімеленіп, оларды өз қолымен ұстап көрулеріне мүмкіндік жасалды. (8 маусым 2021 жыл). https://www.facebook.com/KhanOrdalySaraishyk/photos/4426289907383913

- «Әжемнің сандығынан шыққан...» жобасы аясында Сарайшық ауылының тұрғыны, қолөнерші Қалығыз Ғилажқызы Көшкінбаеваның шеберханасына қонаққа барды. Зейнетке шыққалы қолөнерге бет бұрған Қалығыз апа ұлттық құндылығымызды ою-өрнектер арқылы насихаттап жүрген шебер. Оның қолынан шыққан заманауи тұскиіздер сан сырлы ою-өрнектермен нақышталып, шашақтармен көмкерілген, тұмарлар тағылған. Бесік жасауынан бастап, қыз жасауына дейінгі ұлттық нақышта даярланған. Шебердің туындыларының ішінде көздің жауын алатын әкесі Ғилаж бен анасы Кәлимадан қалған басқұр мен теген. Өз тарапынан тозған жерін бүтіндеп, әсемдеп қойған асыл мұра төрден орын алған. (16 майсым 2021 жыл) https://www.facebook.com/KhanOrdalySaraishyk/videos/2952656824977249



<u>**9 жоба. «Сыр сандық»**</u>

Өнер туындылары – адамзатты қуаныш пен ләззатқа бөлейді, рухани жағынан байытып, эстетикалық тәрбие береді. Осыған байланысты «Сыр сандық» музыкалық жобаны музей-қорық жүзеге асырды.

- Д.Нұрпейісова атындағы халықтық музыка академиясы, Атырау музыка колледжі, домбыра пән бірлестігінің ұстазы, халықаралық, республикалық конкурстардың лауреаты Хинекина Нұргүлмен болған сұхбатты ұсынды.
https://www.facebook.com/KhanOrdalySaraishyk/videos/569499090700907



10 жоба. «Дәстүрмен кездесу».

«Дәстүрмен кездесу» жобасы бойынша 6 бейнебаян дайындалды. Оларда ұрпақтан-ұрпаққа аманат болып жетіп, қазіргі күні жалғасын тауып жатқан ұлттық дәстүріміздің асыл үлгілерін ұсынды. Алаша тоқудың қыр-сырына тоқталып, ұлтымыздың саяткерлік өнерін насихаттап, ұлттық киім үлгілерімен мақтанып, ағаштан түйін түйген шебердің қолынан шыққан туындылармен танысып, көмейінен күй төгілген домбыра мен сырлы әуенді сазсырнайды насихаттады.

- 1 бейнебаян - Ұлттың саяткерлік өнері
https://www.facebook.com/KhanOrdalySaraishyk/videos/881928012504802

- 2 бейнебаян - Ұлттық аспап – домбыра

- 3 бейнебаян - Ұлттық киімдер үлгісі

- 4 бейнебаян - Тоқыма бұйымдарының бірі - алаша тоқу
  https://www.facebook.com/KhanOrdalySaraishyk/videos/466536361467662

- 5 бейнебаян - Ұлттық аспап – сазсырнай https://www.facebook.com/KhanOrdalySaraishyk/videos/442946814124012

- 6-бейнебаян - Ағаштан түйін түйген шебер мен оның туындылары

12.2 Әлеуметтік желі арқылы көрсетілген танымдық материалдар

- «Сарайшық ортағасырлық тарихи дереккөздерінде»

- «Сарайшық ортағасырлық тарихи дереккөздерінде» айдарымен музейдің ғылыми қызметкері Ж.Диярова «Ибн Батутта және Сарайшық» тақырыбында дәріс өткізді. https://www.facebook.com/KhanOrdalySaraishyk/videos/3004698429856545



- "Сарайшық ортағасырлық тарихи дереккөздерінде" айдары -2 бөлім Мұхаммед Хайдар Дулати және Сарайшық https://www.facebook.com/KhanOrdalySaraishyk/videos/831713317706978



- «Сарайшық ауылының көне тарихи-мәдени туристік нысандары» айдары

- Ұлы Отан соғысында қаза болған жерлес жауынгерлерге арналған обелиск-1 бейнеролик



- **<u>Қазақтың ханы Қасым хан – ағылшын тілінде</u>**



<u>- Көне Үргеніш пен Сарайшық қалалары арасындағы Ұлы Жібек жолы бөлігін зерттеу-барлау экспедициясынан бейнеролик</u>

- «Сарайшық» музей-қорығы ғылыми қызметкерлерінің Көне Үргеніш пен Сарайшық қалалары арасындағы Ұлы Жібек жолы бөлігін зерттеу-барлау экспедициясынан бейнеролик. https://fb.watch/9Wa7YnC5zC/



- «Сарайшық» музей-қорығы ғылыми қызметкерлерінің Көне Үргеніш пен Сарайшық қалалары арасындағы Ұлы Жібек жолы бөлігін зерттеу-барлау экспедициясынан бейнеролик. https://fb.watch/9Waa3aboti/



- "Сарайшықты кім жақсы біледі" – әлеуметтік желі қолданушылар арасындағы суретті табу ойыны

- 1 ойын – Жылқы бейнесіндегі құлып



- 2 ойын – Қыш құбырлар



- 3 ойын - Жүзік



- Онлайн –офлайн сұхбаттар

- «Сарайшық» музей-қорығының бас инспекторы Амангелді Жұмабаев өлкетанушы Шеген Неталиевпен бірге Аққыстау селосының тұрғыны, ***қолөнерші Есполай Қуатов ақсақалға*** барып кездесті. Қолөнер шебері дойыр қамшы түрлері, жасалу жолы, әдістері, қолданылу мақсаты туралы әңгімелеп өз қолынан шыққан дойыр қамшыны музей қорына сыйға тартты.



- 2021 жылғы 25 наурызда 75 жасқа толатын төкпе күйдің төресі, шертпе күйдің шебері, қазақ өнерінің тұлпары марқұм ***Қаршыға Ахмедияров туралы күйшінің зайыбы Нұрбике Жұмағалиқызымен*** «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының бас қор сақтаушысы Орын Сағынбаева сұхбат өткізді.

https://www.facebook.com/KhanOrdalySaraishyk/videos/vb.1646633785349553/467637764376622/?type=2&theater



- «Сарайшық» музей-қорығы өнер адамдарымен шығармашылық байланыс орнатып, ***Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының профессоры Садықов Сәлімгерей Бақытғалиұлымен*** сұхбаттасты.



- ***Ә.Х.Марғұлан атындағы Археология институты директорының орынбасары, т.ғ.к. Манапова Әлия Мерекеқызымен*** "Сарайшық зерттеушілері" жобасы аясында онлайн

кездесу өткізді. Сұхбаттың негізгі тақрыбы 1950 жылы Сарайшықта археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізген белгілі археолог Ә.Х.Марғұлан туралы болды.



- «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы «Сарайшық зерттеушілері» жобасы аясында ***Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессорлары, тарих ғылымдарының кандидаты Болат Жұмағұлов пен тарих ғылымдарының докторы Ғизатулла Халидуллинмен*** сұхбаттасты.



- ***Белгілі қаламгер, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, "Алаш" сыйлығының лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Жанболат Әлиханұлы Ауыпбаймен*** сұхбат өткізді.

https://www.facebook.com/KhanOrdalySaraishyk/videos/429015894888343



- «Сарайшық» музей-қорығының директоры, профессор Әбілсейіт Мұқтар белгілі ғалым, археолог, профессор Зайнолла Самашевпен кездесіп, сұхбпттпсты. Кездесу барысында Сарайшықтың қорғау аймағы мәселелері, ескерткіш аумағында орналасқан Ескі Сарайшық ауылын жаңа орынға көшіру, киелі орынның туристік болашағы туралы пікір алмасылды.

- **<u>2021 жылғы археологиялық олжалары</u>**

- "Сарайшық" музей-қорығы археологтарының 2021 жылғы археологиялық олжаларының анықтамасы – 1 бөлім
https://www.facebook.com/KhanOrdalySaraishyk/videos/659891998361975



- "Сарайшық" музей-қорығы археологтарының 2021 жылғы археологиялық олжаларының анықтамасы – 2 бөлім
https://www.facebook.com/KhanOrdalySaraishyk/videos/268120312048465

- "Сарайшық" музей-қорығы археологтарының 2021 жылғы археологиялық олжаларының анықтамасы – 3 бөлім
https://www.facebook.com/KhanOrdalySaraishyk/videos/1085377858883273

12.3 «Қараңғылықтағы серуен». Инклюзив. Мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған шаралар

- «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы Атырау облыстық туберкулезге қарсы балалар шипажайының демалушыларына ортағасырлық Сарайшық қаласының тарихын таныстырды. Жыл сайын шипажай директоры Мұхтарова Ұлжан Мақсұтқызының қолдауымен балалар қызықты саяхатқа шығып, кешенмен танысады. Биылғы сапарларында балаларға этнографиялық жәдігерлер топтамасын таныстырып, «Әжемнің сандығынан шыққан» жәдігерлер туралы әңгімеленді. Көненің көзі, ата-әжелерімізден қалған алаша, ши, кебеже, жастағаш сынды асыл мұраларымыздың тарихы әңгімеленіп, оларды балалардың өз қолымен ұстап көрулеріне мүмкіндік жасалды.



- «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы Таңдай ауылының бір топ мүмкіндігі шектеулі және тарихқа құштар тұрғындарды қарсы алып, Сарайшық тарихфмен

таныстырды. Сондай-ақ, оларға жәдігерлерді өз қолымен ұстап көрулеріне мүмкіндік жасалды.



- Атырау қаласында орналасқан «Зейін Атырау» ерекше балаларды дамыту орталығының тәрбиелнушілеріне арнайы бағдарламалар жасақталып, қызықты экскурсия мен ойындар ұйымдастырды. Шара соңында кішкентай қонақтарға музей ауласындағы киіз үйден дәм ұсынылып, шағын сыйлықтар таратылды.

https://www.facebook.com/KhanOrdalySaraishyk/photos/4086109268068647

- Зағип жандардың «Сенім шыны» қоғамдық ұйымының бір топ мүшелерін қабылдап, Сарайшық тарихымен таныстырды.

https://www.facebook.com/KhanOrdalySaraishyk/photos/4948074571872108

12.4 Атаулы мерекелер күні

- 21 ақпан - халықаралық гидтер күнімен құттықтау



- 1-наурыз - "Алғыс айту" күні. "Сарайшық" мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы ұжымы дәрігерлерге алғыс айту акциясын өткізді. Әлемді шарпаған пандемия кесапатымен жан аямай күрескен дәрігерлер қауымына ризашылық білдіру мақсатымен музей-қорық қызметкерлері Сарайшық ауылдық дәрігерлік амбулаториясына барып, медицина қызметкерлерін Алғыс айту мерекесімен құттықтап, сыйлықтарын табыс етті.



- 8 наурыз – халықаралық әйелдер күні. “Сарайшық” музей-қорығы ұжымы музей-қорық қызметкерлері Н. Қартанбаева мен С.Бекешованы жарық дүниеге сәби әкеліп, ана атанып отырған қуаныштарымен құттықтап, сыйлық жасады.



- 14 наурыз – Көрісу күнімен құттықтау.



- 14-наурыз ескіше Жаңа жыл Көрісу күні. Бұл күні жастар үлкендерден бата алса, жолы ашылып, олжалы болады деп есептеледі, Көрісу күні аясында "Сарайшық" музей-қорығы "Батамен ел көгерер" атты бейнеролигін ұсынады.



- 18 сәуір - Халықаралық ескерткіштер мен тарихи орындар күніне арнап ортағасырлық Сарайшық тарих және мәдениет ескерткішіне бейнеэкскурсия ұсынды.

https://www.facebook.com/KhanOrdalySaraishyk/videos/943221699752967

- 1 мамыр - Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесімен құттықтады.



- Ұлы Жеңістің 76 жылдығына арналған Махамбет аудандық әкімдігі, «Сенім шыңы» қоғамдық бірлестігі және «Сарайшық» мәдениет үйімен бірлесіп, Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жерлес жауынгер Сапарғали Мұқаловты еске алуға арналған «Солдат сағынышы» атты шара өткізді.



- Балалар мерекесі күніне орай «Сарайшық селолық кітапхана меңгерушісі Симанова Маржан Тынымбайқызымен бірге кітапхана қорына шолу жасады.



- 31 мамыр - Саяси қуғын-сүргін және аштық құрбандарын еске алу күніне орай музей директоры, т.ғ.д., профессор Ә.Мұқтардың музей-қорық жүзеге асырып отырған «ГУЛАГ жүйесіндегі Прорва және Астрахань лагерлері(1932-1950 жж.): «тарих, естелік, тағылым» атты ғылыми жобасы туралы сұхбатын ұсынылды.



- БАҚ өкілдерін құттықтау.



- Астана күні мерекесімен құттықтау



- Құрбан айт мерекесімен құттықтау



- 15 тамыз - археологтар күні.



- 30 тамызда Қазақстан халқы маңызды мемлекеттік мерекелеріміздің бірі – Қазақстан Республикасының Конституциясы күніне арналып, “ҚАСЫМ ХАННЫҢ ҚАСҚА ЖОЛЫ” ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНЫҢ АЛҒАШҚЫ КОНСТИТУЦИЯСЫ” бейнеролигін ұсынылды



- 1 қыркүйек - Білім күнімен дәстүрлі жаңа оқу жылының басталу салтанатымен құттықтады.



- 13 қазан күні -Халықаралық қарттар күні мерекесіне орай Жылыой ауданы ардагерлеріне музей-қорық қызметкерлері экскурсия ұйымдастырды. https://www.facebook.com/KhanOrdalySaraishyk/photos/4764398890239678

- 1 желтоқсан - ҚР Тұңғыш Президенті күніне байланысты "Елімен етене-Елбасы" бейнеролигі ұсынылды.
https://www.facebook.com/KhanOrdalySaraishyk/videos/283323370407036

- 1-желтоқсан –Тұңғыш Предидент күніне жариялаған «Ашық есік» күніне келген қонақтарға Елбасының Сарайшыққа жасаған сапары туралы әңгімелеп, музей тарихымен таныстырды.

- Қазақ поэзиясының әйгілі тұлғасы, жырау, жыршы Ж.Жабаевтың дүниеге келген 175 жылдық мерейтойын атап өтуде, "Сарайшық" мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы ұжымы әріптестеріміздің челленджін қабылдай отырып, ақынның "Артықша туған азамат" атты өлеңін оқыды.



12.5 18 мамыр – Халықаралық музей күні

- "Сарайшық" мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы 18 мамыр - Халықаралық музейлер күніне орай, әлеуметтік желілерінде “Музей түні” шарасы ұйымдастырылды.



- 18 мамыр - Халықаралық музейлер күніне орай "Сарайшық" мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы директоры т.ғ.д., профессор Ә.Қ.Мұқтардың құттықтау сөзі.



- 18 мамыр-Халықаралық музейлер күніне орай ұйымдастырған «Үндестік» бағдарламасы аясындағы сұхбаттар легін ұсынды. Өнер майталманының да, зейнеткер шебер әженің, ұлағатты ұстаздың, жас әншінің, додаларда бақ сынап жүрген жас спортшылардың тілек-мақсаттары бір, үндестік тапқан.



13 Ел тұлғалары Сарайшықта

- ***Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Дариға Нұрсұлтанқызы Назарбаева*** Атырау облысы іссапары кезеңінде ортағасырлық Сарайшық қаласына арнайы келіп, ата тарихымызға тағзым жасады. Музей-қорықты аралау барысында Дариға Нұрсұлтанқызы ортағасырлық қала макетіне ерекше назар аударды және болашақта туризмді дамыту үшін ортағасырлық қаланың бейнесін қалпына келтіру маңыздылығын атап өтті.



- "Сарайшық" музей-***қорығына Венгрияның Қазақстан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Михай Галошфаи мен Бас консул Ференц Блауманн***

келді. Олар ортағасырлық Сарайшық тарихымен және музей-қорықтың жүзеге асырылып жатқан жобаларымен жете танысып, әріптестік өрісін кеңейтуге өз тараптарынан қолдау көрсететіндігін жеткізді.(1 шілде 2021 жыл)



- ***Белгілі қаламгер, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, "Алаш" сыйлығының лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Жанболат Әлиханұлы Ауыпбай*** келді



- «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығына Атырау облысы бойынша сапарға шыққан «Атамекен» экспедициясының мүшелері келді. Экспедиция құрамында республикалық ***«Егемен Қазақстан» газетінің тілшісі Жолдасбек Көшербайұлы, «Казахстанская правда» газетінің тілшісі Бақытгүл Бабаш, ақын Әлия***

Дәулетбаева, Атырау облысының Тарихи-мәдени мұраны зерттеу орталығының директоры М.Кипиев және «Атырау» телеарнасы мен "Атырау" газетінің өкілдері болды.



- ҚР Парламент Мәжілісінің депутаты, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі Тащқараев Ғани Әбдіғаниұлы болды.

14 Қаржы және мемлекеттік сатып алулар

- **Бюджеттен бөлінген қаржы**

қ/с	**Шығын атауы**	**2019 жыл**	**2020 жыл**	**2021 жыл**
	Барлығы, мың теңге	52265,0	64885,0	67345,0
	Оның ішінде :			
1	Қызметкерлерге жалақы мен сауықтыру ақысына	38643,0	52321,0	52610
2	Салықтар мен төлемдерге	3675,0	5237,0	5550,0
3	Іссапар шығындарына	2492,0	1457,0	1274,0
4	Материал сатып алуға	1780,0	997,0	896,0
5	Материалдық-техникалық базаны нығайтуға	х	1261,0	х
6	Коммуналдық төлемдерге	382,0	463,0	465,0
7	Күзет қызметіне	2000,0	2000,0	2000
8	Басқа да шығындар	3293,0	1149,0	4550
9	Мемлекеттік сатып алу порталы арқылы сатып алынған тауарлар мен қызметтер	6874,9	4203,5	4466,3

- **Ақылы қызмет көрсетуден түскен қаржы**

қ/с	**Кіріс көздерінің атауы**	**2019 жыл**	**2020 жыл**	**2021 жыл**
	Барлығы, мың теңге, жоспар	1067,0	994,0	1374,0
	нақты	1520,9	946,0	2026,700
	Оның ішінде :			
1	Билет сатудан	1520,9	696,0	1426,700
2	Археологиялық барлау қызметі		250,0	600,0

- **Қайырымдылық пен демеушілік көмек көрсетуден түскен қаржы**

қ/с	**Кіріс көздерінің атауы**	**2019 жыл**	**2020 жыл**	**2021 жыл**
	Барлығы, мың теңге	350,0	х	3800,0

- **Ғылыми жобалардан түскен қаржы**

қ/с	Кіріс көздерінің атауы	2020 жыл	2021 жыл	2022 жылға жоспар
	Барлығы, мың теңге	**10487,8**	**34221,6**	**32395,4**
	«Прорва	10487,8	19661,2	18999,4
	«Караван-Сараи»		14560,4	13396,0

15 Шаруашылық жұмыстары

Бөлім қызметкерлері ағымдағы жылы музей ғимаратының ахуалын, кеңселік жиһаздарды, инженерлік инфрақұрылымды, шаруашылық құрал-саймандарын, тауарлық-материалдық құндылықтардың ағымдағы жөнделуін, сақталуын қарап-қадағалап отырды.

Музей ғимараты ішінде және оған жапсарлас қорық аумағын күтіп-баптауда тиісті тәртіп сақталған, мекемеде жалпысанитарлық тазалық және абаттандыру уақытында жүргізілді. Музей-қорық аумағы мен іргелес аумақтарды таза ұстау қадағаланды. Барлық ғимараттарда санитарлық-тазалық жұмыстары өткізілді. Ғимараттарда насекомдар мен зиянкестерге қарсы арнайы дәрілермен санитарлық тазалау жұмыстары жүргізілді.

Музей ауласында «Ортағасырлық тұрғын-жай» мен базар макеті салынды. «Сарайшық" музей-қорығының ауласына және ортағасырлық қала орнына ақпараттық тақталар мен жолбағдарлар орнатылды.

- "Сарайшық" музей-қорығы мекеме аумағын көгалдандыру мақсатымен ағаш көшеттерін отырғызды.



- Атырау облысы Кәсіпкерлік және индустриялық инновациялық даму басқармасының тапсырысы бойынша "Сарайшық" музей-қорығының ауласына және ортағасырлық қала орнына ақпараттық тақталар мен жолбағдарлар орнатылды.



- Музей ауласына «Ортағасырлық тұрғын-жай» мен базар макеті салынды

- Музей залын
- Музей аумағындағы тазалық жұмыстары

Қорытынды

Қорыта келгенде, «Сарайшық» музей-қорығының 2021 жылғы жұмыс жоспары толық жүзеге асты. Алдағы жылы Сапар орталығын музейлендіру концепциясын аяқтау, оны министрлікке келісуге жіберу басты міндеттерідің бірі, сонымен қатар ортағасырлық Сарайшықтың қорғау аймағын «Қазқайтажаңарту» мекемесімен бірлесе жасау, музей-қорықтағы ғылыми-зерттеу жобаларын сапалы орындау, «Секер көл» және «Алтын қайық» экспедицияларын ұйымдастыру, I «Сарайшық оқулары» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясын Сарайшық ауылында ұйымдастыру, және оған белді ғалымдарды шақыру, музей-қорық ауласында «Ортағасырлық тұрғын-жай» макетін жасақтау, «Ортағасырлық Сарайшық туралы ғылыми-зерттеулерді жақын, алыс шетелдерде жариялау секілді жұмыстарды орындау жоспарлануда.